

• Алақай!

PowerBots: WRO-2021-geri Қазақстан жетістігі

Елордалық физика-математика бағытындағы зияткерлік мектептің оқушылары Әмина Рахымбергенова, Алдияр Пазилов, Дәулет Мұханов дүниежүзілік робототехника олимпиадасына қатысты. WRO-2021 турнирінде мықты қарсыластармен бәсекеге түскен Әмина, Алдияр және Дәулет ұлттық құраманың жүлде қорын қола медальмен толықтырды. Олар олимпиадада ел намысын ересектер санатында қорғады.

Бүкіләлемдік роботтар олимпиадасының онлайн-стартына 65 елден 200-ден астам команда шықты. Барлық шығармашылық жоба қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің бірі PowerBots – энергетика болашағы, атап айтқанда, жанартылатын энергия көздеріне арналды.

Бірнеше жылдан бері Назарбаев зияткерлік мектептері Дүниежүзілік робототехника олимпиадасына тәуелсіз ойыншылар ретінде ғана емес, сонымен қатар WRO ұлттық үйлестірушілері ретінде қатысып келеді.



Сондықтан да Қазақстан туын желбіреткен тағы екі команданың керемет жетістікке жеткені туралы қуанышты хабар NIS-ке бірінші болып жетті.

WRO-ға кіші санатта қатысқан Алматыдағы Халықаралық робототехника академиясының оқушылары Даужан Бекетов пен Кирилл Островский алтынға ие болды. «Ақ-ниет» жекеменшік бастауыш

мектебінің оқушылары Кристина Киселева, Марк Бирюков және Петр Морозов 2-орынды жеңіп алды.

World Robot Olympiad (WRO) – Дүниежүзілік робот олимпиадасы – 10 – 19 жас аралығындағы 6 – 11 сынып оқушылары арасында ұйымдас-тырылатын жарыс. Жас робототехниктердің фестивалі биыл он жетінші рет өтті. Келесі жылы WRO Германияда өтеді.

СҰЛТАН ҚАРАТЭ-ДОДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ

Ақтаудағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушысы Сұлтан Саумбаев Краковте (Польша) жасөспірімдер арасында өткен каратэ-до кекушинкай чемпионатынан күміс медальмен оралды. Ол 65 келі салмақта төрт кездесу өткізді. Екі күндік жарыс әлемнің 32 елінің спортшыларының басын қосты.

Қазақстан құрамының мүшесі ретінде ел абыройын арқалап барған Сұлтан каратэмен 5 жасынан бері айналысып келеді. Зияткер осы уақытқа дейін түрлі республикалық жарыста жеңіс тұғырынан көрініп келген еді.



– Каратэ мені шыдамдылыққа, сабырға баулыды. Сондықтан сабағыммен қатар алып жүремін. Әлем чемпионатында бақ сынауыма қуи салып, жаттықтырып үйреткен бапкерім Жәнібек Жолдасовқа алғыс айтамын, – дейді зияткер.

Зияткерлік мектептегі оқу процесі мен спортты қатар алып жүрген Сұлтанды жүлдесімен құттықтап, әлі де асуларды бағындыруды тілейміз!

Краков жасөспірімдер арасында өткен әлем чемпионатына 32 елден 684 спортшы қатысқан. Қазақстаннан 27 спортшы қатысып, ел құрамасы 8 медаль жеңіп алды.

БАЛАҚАЙ

Оқушы қыз шығарма жазып отыр. «Мен үйде ата-анам көмектесемін: ыдыс жуамын, шаң сүртемін, тамақ істеймін». Қызының шығармасын оқып қалған анасы:

- Сен мұндай тірлік істемейсің ғой.
- Сонда қызы:
- Шығарма жазғанда адам деген ойдан шығарып жазады емес пе? – депті.

- Өрсен ұйықтар алдында анасына жүгіріп келді.
- Анашым, адамға істемеген ісі үшін ұрсуға бола ма?
- Жоқ, балам, ұрсуға болмайды.
- Олай болса айтайын, мен үй тапсырмасын орындаған жоқпын.

- Мұғалім:
- Алмас, сен айтшы, Волга өзені ұзын ба, әлде Миссисипи ме?
- Миссисипи.
- Қаншалықты ұзын екенін айта аласың ба?
- Енді Волга бес әріп, Миссисипи тоғыз әріп қой...

- Асан, жаңа апайларың қандай екен?
- Керемет! Осы айда осымен үшінші рет ауырып, сабақ болмай жүр.

- Мұғалім:
- Балалар, қалай ойлайсындар, адамдар ақылды ма, әлде жануарлар ма?

- Асан:
- Әрине, жануарлар ақылды.
- Неге олай ойлайсың?
- Себебі мен итіме отыр десем отырады, түр десем тұрады, бәрін түсінеді. Ал итім үре бастаса, мен дым түсінбеймін.



"ҰЛАНҒА" ЖАЗЫЛУДЫ
ҰМЫТПАЙЫҚ!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ -65355

Газетке "Қазпошта" бойынша барған немесе
kazgazeta.kz арқылы PDF нұсқасын жазыуға болады

БІР ЖЫЛҒА 2990 ТҒ

June 1930 @balamendana

• 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні

ҚАРАПАЙЫМ ЖҰМЫСШЫДАН ЕЛ БАСШЫСЫНА ДЕЙІН

Біз – тәуелсіз елдің жастарымыз. Тұңғыш президентіміз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Ол билік еткен жылдары елі үшін, Отаны үшін, тәуелсіз Қазақстан үшін жан аямай еңбек етті. Ешбір қиындыққа қарамастан, тек алға қарай ұмтылды. Себебі Қазақстанды биік шыңдардан көрсету, әлемге «қазақ» деген халықты танытуды көздеді.

Нұрсұлтан Назарбаев – қарапайым жұмысшыдан ең жоғары лауазымға дейін көтерілген тұлға. Елбасы еңбек жолын Теміртау қаласында металлургия комбинатында металлург болып бастаған. 1989 жылдан бастап мемлекеттік қызметке етене араласқан. 1991 жылы 1 желтоқсанда жалпыхалықтық сайлау нәтижесінде президент болды.



Біз Н.Ә.Назарбаевты «Елбасы» деп атаймыз. Ол отыз жылға жуық уақытын елімізді көркейтуге арнаған. Түрлі стратегия жасап, халыққа жиі жолдау жолдаған.

Әр жолдауында ел үшін пайдасы бар дүниелерді ұсынып отырған. Соның ішінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жолдауын ерекше атап өткім келеді.

«Елбасы» деп атаудың тағы бір себебі – халықты татулықта, бірлікте ұстай алды. Жетпіс жылдан астам уақыт бойы Ресейге бодан болған халқына бейбіт өмір сыйлады. Мемлекетті қиын кезеңнен шығарып, экономикалық және саяси жағдайын жақсартты. Бұл нағыз құрметке лайық іс деп ойлаймын.

Егер Елбасы қызметін нашар атқарса, қазіргі кең-байтақ жерге ие болмас па едік. Қайтадан алпауыт елдің қоласына өтуіміз де мүмкін бе еді... Ондай жағдайға жол бере қойған жоқ. Керісінше, ТМД, ЕЭО, ДСҰ, ШЫҰ, ХВҚ секілді ірі ұйымдар қатарына қоса алды.

Н.Ә.Назарбаев мемлекеттік істерді атқарып қана қоймай,

жастарымыздың болашағына да тиісінше көңіл бөлді. Жастардың шет елде білім алуы үшін «Болашақ» бағдарламасын ұсынды. 2019 жылды «Жастар жылы» деп, жастардың болашағына көңіл бөлді. Шығармашылықпен де айналысты. Тәуелсіздікке, тарихқа, Отанға байланысты көптеген кітаптың авторы. Атап айтсақ, «Сындарлы он жыл», «Жүз жылға татитын он жыл», «Тарих толқынында», «Қазақстан жолы», «Туған елім – тірегім» сияқты кітаптары бар.


Қарақат ДҮЙСЕН,
№58 мектептің
10 «Ә» сынып оқушысы.
Алматы қаласы

30 қараша – Дүниежүзілік үй жануарларын қорғау күні

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫН АЯЛАУЫҚ

Дүниежүзілік үй жануарлары күні жыл сайын 30 қарашада аталып өтеді. Бұл мереке әр елде әртүрлі тойланады. Бір жерде жануарларды қатыгездіктен қорғау үшін пикеттер, басқа бір елде жануарларға арналған баспана салуды немесе емхана ашуды қолдайтын флешмобтар өтеді. Мысықтар мен иттердің көрмесін ұйымдастыратындар да бар. Әлемнің көптеген елінде бұл күні үй жануарларына бұрын тыйым салынған барлық нәрсені жасауға мүмкіндік беріледі. Мысалы, тұсқағазды жыртуға, жиһаздар мен аяқкиімдерді кеміруге, перделерге көтерілуге, үстелден тамақтануға рұқсат етеді немесе үй жануарына көп мөлшерде тәтті сатып алады.

Мұндай атаулы күн туралы идеяны табиғатты қорғау қозғалысының белсенділері 1931 жылы Флоренцияда өткен кезекті халықаралық жиналыста айтқан болатын. Экология және табиғатты қорғау бағытындағы көптеген ұйым мен қоғам бұл идеяны қолдап, мерекені өткізудің бірнеше нұсқасын ұсынды. Мұндай күнді белгілеуге адамдардың жалпы жануарларға, оның ішінде үй жануарларына деген теріс көзқарасының шиеленісуі себеп болды. Дүниежүзілік үй жануарлары күнінің мақсаты –



қоғамға жер бетіндегі барлық тіршілік иесі үшін жауапкершілікті еске салу.

Өкінішке қарай, қазір адамдар үй жануарлары туралы ақпаратты оқып, зерделей бермейді. Жануарларға күтім, сүйіспеншілік пен қамқорлық қажет екенін түсінбейді. Үй жануарларына қызығуын қойған адамдар қамқорлық жасаудан бас тартып, далаға жібере салатын жағдайлар да жиі кездеседі. Көшеде қалған үй жануарлары дәрменсіз күй кешіп, әдетте, аштық пен аурудан өледі.

Осындай жағдайлардың алдын алу үшін 30 қарашада көптеген елде жануарларға арналған көрмелер, наразылық акциялары, үйшіктер мен ауруханалардың құрылысын қолдау мақсатында түрлі іс-шара өтеді. Жыл сайын әлем елдерінің көптеген қаласында «Қоңырау» акциясы болады.

Балалар бұл күні хайуанаттар бағына жиналып, бір минутқа қоңырау соғып, халықты көшеде жүрген және қамқорлық пен сүйіспеншілікті қажет ететін жануарларды қорғауға шақырады.

Қазір әлемдік рейтингте Ресей үй мысықтарының саны бойынша үшінші орында (АҚШ пен Қытайдан кейін) және иттер саны бойынша бесінші орында екен. Mars Petcare зерттеуі бойынша, соңғы үш жылда Ресейдегі үй жануарларының саны 6,3 миллионға немесе 14%-ға өскен. Соның ішінде мысықтардың саны басым. Ал Қазақстан халқы үй жануарларының ішінде төрт түлік малды жиі ұстайды екен. Атап айтқанда, елімізде қой, сиыр, ешкі, жылқы малының саны басым. Олардан кейінгі орынды иттер иеленеді.

2016 жылы НАФИ аналитикалық орталығы жүргізген сауалнамаға сәйкес, қазақстандықтардың 26%-ы асыл тұқымды мал бақса, тек 9%-ы ғана мысық, ит, қоян сынды үй жануарларын ұстайды екен. Аквариумдардың үлесі 3% болса, атжалмандар мен гвиней шошқалары 2% көрінеді. Бұған қоса қазақстандықтар үй құстарын, тасбақаларды және экзотикалық жануарларды, соның ішінде қалыбар, фенек, генета және басқаларды ұстайды.

Сарапшылар үй жануарларын таңдауда қалауға емес, оны сақтау мүмкіндігі мен қабілетіне сүйену керек екенін айтады. Бұл, әсіресе, экзотикалық жануарларға қатысты: оларға күтім жасау оңай емес.

Елімізде үй жануарлары күні Халықаралық жануарларды қорғау қорының бастамасымен 2000 жылдардан бастап атап өтіледі. Дегенмен, өкінішке қарай, ол әлі ресми түрде бекітілмеген.

Дүниежүзілік үй жануарларын қорғау күніне арналған мақаламды қорытындылай келе, үй жануарлары туралы қызықты деректер ұсынуды жөн көрдім. Адамның сөйлеуіне еліктеп, басқа дыбыстар шығарған кезде олар тіл мен тұмсықты қолданады.

•Әлемдегі ең танымал үй жануарлары – ит пен мысық.

•Ғалымдардың пайымдауынша, алғашқы үй жануарлары ертерек уақытта ежелгі адамдар бағындырған жабайы қасқыр болған. Ол көптеген ит тұқымның арғы тегі болып саналады.

•Ең ұзақ өмір сүретін үй жануары – тасбақа. Олардың кішкентай тұқымдары кейде жүздеген жылдан астам өмір сүреді.

•Ақбөкендерде дауыстық сымдар жоқ. Адамның сөйлеуіне еліктеп, басқа дыбыстар шығарған кезде олар тіл мен тұмсықты қолданады.

•Жылқы – фотосуреттен өзін тани алатын ерекше жануардың бірі.

•Қояндардың көзі артында не болып жатқанын көре алады.

•Көптеген елде заң ірі жыртықтар немесе улы бауырымен жорғалаушылар сияқты қауіпті фауна өкілдерін үйде ұстауға тыйым салады.

•Гвиней шошқалары сияқты үй жануарларын шамамен 7000–9000 жыл бұрын және ауыл шаруашылық мақсаты үшін қолға үйреткен.

Несібелі БЕРДІБЕКОВА,
Абылай хан атындағы
ҚазХҚ және ӘТУ
I-курс студенті.
Алматы қаласы

ЖАПОНИЯДА ҚОҚЫСТАН ЖАСАЛҒАН АРАЛ БАР

● **Қоқыс – қолдануға келмейтін әр түрлі заттың қалдықтары. Бұл өзі қайдан келеді? Соған тоқталайық...**

Анаң картоптың қабығын ашып, қоқысқа тастайды. Өйткені жеуге келмейді. Осындай қоқыстарды ас қалдығы дейді.

Кез келген зат уақыт өте келе ескіреді, яғни өңін жоғалтады. Мысалы, көйлек созылып, жыртылады. Автомобиль, ұшақ пен ғарыш кемесі ескіріп, бұзылады.

Түрлі зат шығаратын өндіріс орындарында қалдық қалады. Баспаханада жарамсыз кітаптарды қоқысқа тастайды.

«Егер жарамдылық мерзіміне дейін бұзылса, қайта жөндеп береміз». Кей заттың сыртына осылай жазылады. Енді бірі ескірмей-ақ бұзылып қалады. Дүкеннен алған ыдысын жолда сынып қалуы мүмкін. Әрине, қоқысқа тастаймыз.

Табиғат ас қалдығын қайта қорыта алады. Биологиялық қалдықтар жерде жатып ыдырап, шіриді.

Қайта өңдеу үшін табиғатқа жүз жыл кетеді. Картон мен қағазды адамдар табиғи материалдан жасайды. Сол үшін табиғат бірнеше айда қағазды жойып жібереді. Ең дәмсіз қоқыс – «айна».

Топырақты өте жоғары температурада ысытып, айна жасайды. Әйнек қоқыс мыңдаған жыл бойы жата береді. Ал жеміс-жидек, көкөністің қалдықтары «тәтті» қоқыс. Бір айдан соң алма қабығы жердің бір бөлшегіне айналады. Батарейка «дәмсіз» емес, өте зиян. Шіріген кезде табиғат пен адамға қауіпті қосылыс бөледі. Сол үшін қоқыс жәшікке салуға болмайды. Арнайы батареяка өткізетін жерге берген дұрыс. Дүкеннен алатын полиэтилен пакеттің зияны шексіз. Құрамында синтетика бар. Табиғат пакетті жиырма жылда қайта өңдейді.



Ол уақытта қоқысты жерге көміп, өртеп жіберуге болатын.

Уақыт өте келе адамдар кірпіштен үй тұрғызуды, әйнектен терезе жасауды білді. Қоқыста бірге өсті. Адамдар қоқысқа проблема ретінде қараған жоқ.

Қоқысты алдың, өртедің, бітті! Жоқ, достым, бұлай дұрыс емес. Биологиялық заң бойынша ешнәрсе із-түссіз жоғалып кетпейді. Ағаш өртенсе, ауаға түтіні шығады. Қоқыс өртенсе де солай. Егер барлық қоқысты өртейтін болсақ, біз тұншығамыз. Жерге ас қалдығы мен жапырақты көмуге болады. Пластик пен айнаны көмгенмен пайда жоқ. Үйіңді орын үнемдеу үшін қоқысты тығыздап жинауға болады. Бірақ бұл проблеманың шешімі емес. Синтетикалық қоқысты қайта өңдеп, екінші өмір сыйлауға болады. Қоқысты жоюдың тиімді жолы осы. Оған көп күш пен еңбек керек.

Қайта өңделген қоқыстан велосипед жасап, түрлі сөмке тігуге болады. Қаламның ұшы мен балалар ойын алаңын жасайды. Әжетхана қағазын жасау қымбат. Қоқыстан жасау арзан. Табиғатты қорғағың келсе, әжетхана қағазының сыртында «қоқыстан» деп жазылады. Жұмыртқа салынған қатты қағаз да қоқыстан алынады. Әйнекті екінші рет өңдеп, құрылыс материалы алынады. Стекловата үйдің жылуын сыртқа шығармайды. Сондай-ақ, түрлі мага, киімдер жасайды. Оған пластикалық қалдықты қайта өңдеп, футболка мен куртка жасайды. Спорттық киім шығаратын фирма теңізге тасталған пластикалық бөтелкеден аяқкиім жасаған.

Металдан жасалатын машина, велосипед, кеме, ыдыс жаңаланбайды. Десе де, металды өте жоғары температурада ерітіп, басқа зат алады. Одан металл өзгермейді, жарамдылық мерзімі жоқ.

Қағаз бен картон ағаштың қабық астындағы қатты бөлігінен жасалады. Қағазды жинап, макулатураға өткізеді. Оны бірнеше рет қайта өңдеуге болады.

Бір орында тұрмай, қоқыс теріп жүретін адамды тазалаушы дейді. Олар көшеде, сауда орындарында, мектеп пен ауруханада жүреді. Қоқыс жинайтын көлікті жүргізетін шопыр бар. Ол жоспар бойынша әр нүктеден қоқыс жинайды. Қоқысты көзбен көрмей-ақ не жасауға болатынын білетін мамандар бар. Олар жоспар құрып, қай қоқыстың қайда баратынын шешеді. Жүргізушіге жоспарды логистик құрып береді. Олар қаладан қоқысты қалай алып кетуді шешеді. Адам таза әрі біреуді алдамай жұмыс істесе, еңбегі адал! «Лас» мамандық жоқ. Ауланы қоқыстан тазартып, пайдалы жұмыс істеп жүрген адамдар құрметке лайық.

Мұнайды «жердің қаны» деп атайды. Қара май секілді жердің түбінде жатыр. Мұнайдан автомобиль, ұшақ пен кемеге жанармай алынады, пластик жасалады. Өкініштісі, мұнай қайта өңделмейтін табиғат ресурсына жатады. Ол бір күні таусылады. Біз мұнай жоқ болса да өмір сүруді үйренуіміз керек. Қоқысты қайта өңдесек, мұнай ұзақ уақытқа жетеді.

Жақында ғалымдар пластик бөтелкеден жол жасауға болатынын айтты. Өзірге бұл болжам ғана.

Таиландта шыны бөтелкеден тұрғызылған шіркеулер көп. Тығыздап жиналған қоқыстан үй, тіпті арал жасауға болады. Мысалы, Жапонияда Одайба деген арал бар. Саяхатшылар бір толастаған емес.

Ұлыбританияда қоқыс өңдейтін зауыт бар. Осындай зауыттар барлық жерге қажет. Қоқысты жоюдың бір жолы – қайта өңдеу. Оны дұрыс жинап, дұрыс өңдеу маңызды. Жас дос, қоғамға пайдалы болам десен, қоқыспен күресуді шеш!

Гүлфарида ЗЕЙНУЛЛИНА



Уақыт өте келе жердің бір бөлігіне айналады. Бұл механизм адамның ас қорыту жүйесіне ұқсайды.

Үстелге анаңның рұқсатымен алма қойып қой. Біраз уақыттан соң алманың сырты қыртыстанып, дақ басады. Шіру процесі де осылай. Мұндай алманы мүлдем жеуге болмайды.

Күзде талдан түсетін жапырақ та биологиялық қалдық. «Жапырақ шіріп кететін болса, неге жинаймыз?» дейсің ғой. Қалада көлік көп болғасын жапырақтың бәрі таза емес. Табиғат лас жапырақты қайта өңдеуі мүмкін. Кейін жерге де, бізге де зияны тиеді.

Синтетикалық қалдыққа адамдардың қолымен жасалған пластикалық айна, қағаз, бөтелке жатады. Өкініштісі, табиғат барлық қалдықты қайта өңдей алмайды. Алюминий мен консервідегі банка да осылай.

Жәшікке, унитазға тастауға болмайтын қауіпті сұйықтық болады. Бетін мықтап жауып сақтау керек. Сұйықты ішпек түгіл ұзақ иіскеуге болмайды. Ескі телефон, теледидар мен компьютер қауіпті. Техника тек пластик емес, механика. Кейбір металл зәрлі. Сол үшін ескі техниканы арнайы өткізетін жерге апарған жөн.

Адамдар электрондық градусты өлшемді қолданады. Сынап бар грудуниск сыңса, өте қауіпті металл. Адамға, жануарға да қауіпті. Егер сындырып алсаң, қоқысқа тастама.

Бұрынғы заманда қоқыс таситын көлік болмаған. Адамдар қалдықты қайда тастаған?! Машина, ұшақ, телефон жоқ кезде қоқыстың бәрі «тәтті» болатын. Зауыт жоқ, адамдар табиғаттың бергенін пайдаланды. Ыдысты балшықтан, күректі ағаштан жасап, жерде өскен жеміс пен аң аулап өмір сүрді.

Қоқыс күн өткен сайын көбейе берді... Қоқыс көп тұрса, адамға қауіпті бактерия бөлінеді. Қалдыққа тышқан үйір. Ал тышқан жұқпалы ауруды таратушы. Сол үшін орта ғасырда адамдар көп ауырып, ерте өмірден өткен екен... Ғылым мен техника дамып жатты. Адамдар кітап жазып, жаңалық ашты. Қаладағы қоқысты шығарып тастайтын болды. Ол уақытта «дәмсіз» қоқыс аз болатын. Соңғы жүз жылда ғылым қарқынды дамыды. Өндіріс өскен сайын қоқыс та өсіп отырды. Қоқыстың көп болғаны соншалық, ғарышқа да апаруға болатын еді. Бірақ бұл қымбат әрі қауіпті.

Күнде қанша пакет қоқыс төгесің? Көпқабатты үйде қанша пәтер барын есептеп, күніне екі пакет қоқыс шығарғанда қанша болатынын әкеңмен бірге есептеп көрсен болады...



ҮРМЕЛІ АСПАПТА ОЙНАЙТЫН ҮШ ҚЫЗ

Барлық адамның бойында ерекше дарын, үйренуге құмарлық сынды ұшқын болады. Бала кезде сол ұшқынды тұтатып, жаға білген жандар болашақта өз саласының майталманы, білгірі болып жатады. Біздің бүгінгі кейіпкерлеріміз – Алматы қаласындағы Күләш Байсейітова мектебінің 8-сынып оқушылары Жания, Гүлім, Қымбат. Көпшілігіміз музыкалық аспаптар туралы сұраса, домбыра, қобыз және басқа ұлттық аспаптарды айтатынымыз рас. Ал сіз үрмелі аспаптар жайлы білесіз бе? Үрлеу арқылы түрлі әдемі дыбыс шығаратын аспаптарда ойнау оңай емес, дем жұту мен оны шығарудың өзі өнер екен. Біздің кейіпкерлеріміз «Ұланның» оқырмандарына өзі және аспаптары жайлы айтып берді.

Жания Серікболдың үрмелі аспапта ойнап жүргеніне сегіз жыл болған. Ең алғаш труба аспабымен мектепалды сыныбында танысқан, қазір сегізінші сыныпта оқиды. А.Жұбанов атындағы музыка мектебі ұйымдастырған халықаралық конкурса қатысып, бірінші орын алған. Ол жерде Григорий Коганның «№1 концерт», А.Жұбановтың «Көктем» шығармасын ойнаған. Екі шығармаға дайындалуға екі-үш ай уақыт жұмсапты.

«Болашақта музыкант боламын, труба аспабына партия жазатын композитор болып, шетелдік үлкен сахналарды бағындырғым келеді. Ойдан музыка шығарып көрдім, бірақ әлі нотаға түсірген жоқпын. Бос уақытымда орыс және басқа ел композиторларының туындыларын тыңдағанды жақсы көремін. Сүйікті «Повет шмеля» шығармасын үйренемін. Ноталарына қарап жәймен бастаймын, кейін үлгері алмай қаламын (күліп). Қанша тырысса да, үйрену қиын екен, бірақ мен ол шығарманы үйренетініме, шебер ойнайтыныма сенемін.

Шығарманы ойнағанда көзімді жұмып аламын, өйткені солай өзімді еркін сезінемін, сабақты да, ойынды да ойламай тек шығарманы ғана ойлайсың, осындай сәтте аспанда қалқып, қиялданып кетемін (күліп).



Гүлім

Мектебімізге неміс ұлтының джаз триосы келген еді, мен олармен бір сахнаға шығып өнер көрсеттім. Алғашында қобалжығаным рас, олар өз тілінде сөйлеген соң біраз түсінбей, шатасып қалғаным бар. Бірақ музыка тілінде жақсылап сөйлестім. Сосын олар маған екі нотаны алды. Мен айтқанын істеп, әрмен қарай ойымнан шығарып жібердім. Өзім де түсінбей қалдым, екі нотадан музыка шығарғаныма олар танданып, маған қолдау білдірді. Осы сәттегі сезімім, эмоцияма маған жақсы әсер сыйлады», – дейді болашақ композитор.

Гүлім Қожахметтің валторна аспабында ойнағанына төрт жыл болған. А.Жұбанов атындағы музыка мектебі ұйымдастырған халықаралық конкурса қатысып, Моцарттың «Бірінші концертін», Нұрлан Меңдіғалиевтың романсын орындаған.

«Моцарттың концерті репертуарымда төртінші сыныптан бері бар. Болашақта оркестр құрамында болсам деймін. Сабағымды оқып, үй жұмыстарын орындап болған соң саябақта ойымды тазартып, демалған ұнайды. Сергек көңіл-күймен бөлмеме кіріп, аспабыммен келесі бір шығармаға дайындалу менің хоббиіме айналып кеткен. Оркестрде отырғанда бүкіл аспап қосылып ойнайды, осы кезде мелодия тыңдауға тіптен жағымды болады.



Жания

Композитор шығарманы жазады ғой, ол нені суреттеді екен деп өз ойыңмен қиялдап кететін сәттер де болады», – дейді досымыз.

Ал Қымбат Ынтықбай бесінші сыныпқа дейін флейтада оқып, сосын гобой аспабына ауысқан. Екі жылдың ішінде халықаралық республикалық байқаулардың гран-при жүлдесі мен басқа да орын алған Қымбат күн сайын екі-үш сағат уақытын гобой аспабында ойнауын жетілдіруге арнайды екен.

«Алғаш рет «Бойтұмар» республикалық байқауына қатыстым. «Өнерлі өрен» сияқты халықаралық байқауларға барып, жүлделі орындар алғанмын, келешекте осы гобой аспабында ойнауды жалғастырып, академияда оқып, шетелдік оркестрлерде жұмыс істегім келеді. Артық уақыт бола қалса, достарыммен кездесіп, олармен қыдырған ұнайды. Достарыма күніне екі-үш сағат музыкаға дайындалатынымды айтсам, «Сені біреу міндеттей ме?» – деп сұрайды.

ортаға, бөлек әлемге тап болғандай боламын. Қиялданып, шығармаға ойдан нота қосып жіберемін, оны ұстазымыз бірден біліп қойып, «композиторсың ба?» деп күледі», – дейді Қымбат.

Нұрлыхан ЖҰМАХАН



Қымбат

Ақылды түлкі


Ертеде түлкі мен жолбарыс жолдас болыпты. Екеуі жардың басына келіп қалыпты. Жолбарыс:

– Мен мына жардан құлап кетермін. Түлкі, сен менен төмен жат, – дейді. Сөйтін түлкі жолбарыстың аяқ жағына жатады. Жолбарыс ұйықтап қалғанда, түлкі жолбарыстың жоғары жағына шығып:

– Әй, жолбарыс, мені басып кеттін, арырақ жат, – депті. Жолбарыс жылжи бергенде жардан құлап кетіпті. «Ақылды ісіне сенеді, ақымақ күшіне сенеді» деген халық даналығы осыдан қалса керек.

Медина БОРАНБАЙ,
5 «Ә» сынып оқушысы.

Мұғалжар ауданы
Ақтөбе облысы



Жеті жұрттың тілін біл

ШЕТ ТІЛІН БІЛСЕН...

Кейіпкеріміз Сұлтан Құсайынов – Қостанай педагогика колледжінің студенті. 17 жасынан бастап бірнеше кәсіби, әлеуметтік жобаларға ағылшын тілімен байланысты.

Мысалы, жаңа жобасы «КеерUp». **«Жобаның негізгі мақсаты – әлеуметтік жағдайы төмен отбасының балаларын тегін оқытып, карантин кезінде ала алмаған білімнің орнын толтыру. Жоба төрт айға есептелген, осы төрт айдың ішінде 100 баланың ағылшын тілі деңгейін intermediate деңгейіне көтеруді қолға алып отырымыз»,** – дейді Сұлтан.

Әңгіме барысында Сұлтаннан тіл біліп, қалай кәсіп ашуға болатынын сұрадық. Кейіпкеріміз тіл үйренудегі және тіл үйретудегі өзі қолданған барлық тәсілді айтты.

– Тіл үйрену менің тәжірибемде органы өзгертуден, яғни шағын ауылдан аудан орталығына көшуден басталды. Аудан мектебіндегі мұғалімдер тілге әуестігім бар екенін байқады. Уақыт өте келе, ағылшын тілі бойынша барлық олимпиадаға мені қатыстыратын болды. Өзіңізге қызықты тақырыптағы мақалаларды оқу, бағдарламаларды көру арқылы құлақты ағылшын сөздеріне үйрету тәсілін ұсынамын. Мен өз бетімше үйренген адаммын. Ақшаға ешқашан ешқандай курс сатып алған емеспін. Әрине, тілді аз уақытта үйреніп алу керек болса, мұғалім керек. Ол қателеріңізді көрсетіп, дұрыстауға көмектеседі. Сонымен бірге жеке тіл үйрену жоспарын береді.

Дегенмен, өзіңіздің де жылдам үйренуге мүмкіндігіңіз бар.



Бірінші, ағылшын тіліндегі 12 шақты меңгеріңіз. Екінші, жеке сөздерді емес, сөйлемдер мен сөз тіркестерін жаттаңыз. Үшінші, ағылшын тілінде сөйлейтін органы тауып, топтасып сөйлеуге жаттығыңыз. Айта кетейін, белгілі бір тілде еркін сөйлеу үйренушінің мотивациясына, уақыт бөлуіне, әдіс-тәсілдеріне, жүйелі айналысуына, адамның қайда өмір сүретініне байланысты. Адамның күтетін нақты нәтижесі болса жарты, әлде бір жылдың ішінде еркін сөйлеуі әбден мүмкін.

17 ЖАСЫНДА РЕПЕТИТОР БОЛДЫ

– Мектептегі ағылшын тілі бағдарламасы pre-intermediate деңгейін қамтыған.

Өкініштісі, еліміздегі орта білім беру жүйесінде бұл мүмкін болмай тұр. Себебі мектепте педагогтардың білім беруі практикадан гөрі теорияға негізделген. Теория керек десек те, оқушы сол білгенін практикада қолданбаса, одан не пайда? Осы олқылықтар менің үйрену орталығын ашуыма себепші болды. Жобаны жүзеге асыру барысында қиындықтар болды. Алғашында аудиторияға қалай қызықты контент ұсынуды білген жоқпын. Уақыт өте келе ағылшын тілін үйренуге арналған қысқа бейнероликтер түсірсем мақсатты аудитория жинай алатынымды түсіндім. Бұл ойым нәтижелі болды. Басында қатарластарым да жобама аса мән бермеді. Кейбірі бұл салада бәсеке көп екенін айтып, райымнан қайтарғысы келді.

Дегенмен, уақыт өткен сайын мен түсірген видеолардың қаралымы артқанын көріп, ойын өзгертті. Ата-анамның тарапынан сенімсіздік болған жоқ. Олар қолынан келгенше көмектесті.

Алғашқы шәкіртім маған жұмыс іздеп жазған, яғни менің тіл үйрету мектебінде түрік тілінің мұғалімі болғысы келді. Жұмысқа қабылданғаннан кейін ағылшын тілін менен үйренуге шешім қабылдапты. Бұл уақытта менде репетитор болу туралы ой болмаған. Жеңілдікпен тіл үйретуімді сұрап, екі ай бойы менің студентім болды. Нәтижесінде, өз ойын айта алатын дәрежеге жетті.

Әрине, айлар бойы тер төккен еңбекті сатылымға шығару үшін көпшіліктің сеніміне ие болу маңызды. Сенімге не болу өзіне сенуден басталады. Мен өз біліміме, әдіс-тәсілдеріме күмәнданған жоқпын. Сондықтан «17 жастағы менің ұстаздығыма кім сенеді?» деген қорқыныш болмады. Әрдайым сенімсіздікке ерік беру табысты болу мүмкіндігінен айырады. Тіл үйренушінің қызығушылығын ағылшын тілімен ұштастырамын. Оқу барысында, жаңа қабілетті игеру кезінде қиындықтың болуы заңдылық. Дегенмен, ұстаз ретінде оқушының көңіл-күйін қадағалап, барлық жағдайға тек позитив қырынан қарауға тырысамын.

Өзіндік идеясы бар жасөспірімдердің болуы еліміздегі білім саласы мен жастардың әлеуетін арттыру үшін маңызды. Айтып өткенімдей, тіл білсек кез келгеніміз кәсіп иесіне айнала аламыз. Бірақ, кәсіпкерге бір ғана білім аздық етеді. Трендтен қалмай, өзгерістерден қорықпай, жаңа жобаларды ойлағаныңыз жөн.

«Онлайн сабақ беретін мың сан бағдарлама бар, қалай даралануға болады?» деген сұрақ мазалайтыны анық. Білім беру саласын қызмет көрсету саласына жатқызамыз. Сондықтан қызмет көрсету деңгейіңізді бақылауда ұстаныңыз. Мысалы, маған жазатындардың басым бөлігі – оқушылар мен студенттер. Мен оларға тіл үйренудегі қажеттіліктеріне сай арнайы ұсыныстар жасаймын. Айтпақшы, өзге ешкімде жоқ құралыңыз болса тіпті жақсы. Менде ол құрал Oxford оқулықтарының негізінде құрылған курс бағдарламасы.

Білім беру жобасын іске асырғыңыз келсе, 50–60 мың теңге қаражат жеткілікті. Бұл соманың едәуір бөлігін жарнамаға жұмсайсыз. Идеяңызды тек сынап көргіңіз келсе, ешқандай рұқсат қағаз немесе лицензия алу қажет емес. Бәрі ойдағыдай іске асса, тұтынушы саны көбейсе, бизнесіңізді одан әрі кеңейтіңіз келсе, лицензия алу міндетті. Олай болмаған жағдайда, жауапкершілікке тартыласыз. Өзірге қашықтан білім беру орталықтарының жұмысы тоқтайды деп қорықпаңыз. Себебі 2023 жылға қарай онлайн білім беру нарығының көлемі 282 миллиард долларға жетуі мүмкін.

– Әңгімеңізге көп рақмет!

Тіл үйрететін курс авторларының бар құпиясы осы. Бастысы, сенім мен білім болуы керек. Сұлтанның батылдығы, білімін қызметке айналдырып ұсына білуі ой салған болар. Олай болса, болашақта «Уланнан» өзіңіздің жобаңыз туралы оқып отыруыңыз мүмкін.

Жазира БЕКБОЛАТОВА,
ХАТУ-дың 1-курс студенті.

АСЫЛЗАТТЫҢ КЕҢЕСІ

Асылзат Балтабекқызы – талапты жастардың бірі. «Жылдың үздік студенті–2020» атанған. ТМД елдері арасында өткен «XXI ғасыр көшбасшысы–2021» байқауының бас жүлде иегері. Жастар саясатының дамуына қосқан еңбегі үшін «ҚР тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік төсбелгісін алған. Республикалық үздік студенттер академиясының мүшесі. Қазір Түркияның Чорум қаласындағы Хитит университетінде оқиды.

Түркияға қалай барғаны жөнінде былай дейді:
– Алғашында Стамбұл қаласына оқуға түстім. Кейін оқуымды Сакарья қаласына ауыстырдым.



Қазір Чорум қаласындағы Хитит университетіне ауысып, сол жерде білім алып жатырмын. Оқуымның 80%-ы тегін.

Түркия университеттерінің білім сапасын анықтау мақсатында түрлі қаласына ауысып, білім алдым.

Түркияда оқудың бірінші артықшылығы – білім сапасы. Әрине, Қазақстанның білім сапасы жаман емес. Дегенмен Түркияда білім сапалырақ.

Түркияда білім алудың ең басты артықшылығы – тымдә баға. Қазақстандық ата-аналардың қалтасы көтереді. Білім қуған жастарға барлық жағдай жасалған. Кітапханасы бай, қолайлы жатақханасы, асханасы бар.

Түркияда білім алу тіл үйренуден басталады. А1, А2, В1, В2, С1 деңгейін оқу арқылы түрік тілін үйреніп, содан кейін бакалавр, магистр оқуын жалғастырады.

Асылзат қазақ, орыс тілдерінен басқа ағылшын және түрік тілдерін біледі. Оқимын деген адамға тіл үйренудің еш қиындығы жоқ екенін айтады. Асылзаттың ойынша, сөздік жаттаймын деп тырысудың қажеті жоқ. Одан гөрі кино көру, өлең тындау, солардың сөзін аудару пайдалы деп санайды. Бұл тезірек жаттауға көмектеседі екен.

Перизат ШАДЕН,
Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогика университетінің 3-курс студенті.



• Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл

РЭП – ЗАМАНАУИ АЙТЫС

Жыршы-жырау, суырыпсалма ақын Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына орай Алматы қаласында Қазақстан халқы ассамблеясы этномәдени бірлестіктері өкілдері арасында «Жыр алыбы – Жамбыл» республикалық фестивалі өтті. Оған республикамыздың түкпір-түкпірінен талантты жастар қатысты. Тәуелсіз мемлекетте туған дарынды жастар Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында рэп орындаушылардың гала-концертіне Отан, туған жерге сүйіспеншілік, тарихқа тағзым, Жамбыл баба мұрасы жайлы үздік композицияларын тарту етті.

Фестивальдің ерекшелігі – рэп стилінде ән айтатын, Қазақстанда тұратын түрлі этнос жастары арасында өтуі. Жас әншілер рэп жанрын қазақ халқының ежелден келе жатқан айтыс өнерінің заманауи түрі деп есептейді. Қазіргі жастар да айтыскерлер секілді қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғап, әндеріне арқау етеді. Олардың қиялы мен музыкалық талғамында шек жоқ.

Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен тұңғыш рет өткен рэп фести-вальдің алғашқы күнінде қатысушылар Алматы облысы Қарақастек ауылындағы Жамбыл Жабаевтың және ақын Сүйінбай Аронұлының музейлерін аралады, әйгілі ақын аталарының басына барып тағзым етті. Сөйтіп фестивальдің екінші күні өткен гала-концертке ғажап әсермен, ерекше шабытпен қатысты. «Ұлы ақынның шығармашылығы қазіргі жастардың жандүниесімен үндес. Суырып салып өлең айту бізге де жат емес», – дейді жас әншілер.

Концертті қостанайлық жас әнші Денис Яковлев Жамбыл атамыздың «Ұғай-ай» әнімен ашты. Фестивальге қатысқан өзге ұлт өкілдерінің барлығы қазақша ән айтады, қазақша өлең жазатындары да бар.

Фестивальде NazKali, Jam тобы, Neltron, XTZ, Ray, KyleRuh есімімен танымал Ерік Төленов, Мәди Рымбаев, Қуандық Ескелді, Beelal, Abudi&Rise және басқа жастар өнер көрсетті.

Мәселен, Rise пен Abudi еліміздің оңтүстігінен – Шымкент шаһарынан келді. Екеуі де студент, музыканы да, мәтінді де өздері жазады. Олар бұған дейін «Сегізінші» атты альбом шығарған, жастар арасында танымал топ.

Soulbirkez:

– Рэп дегеніміз – еркіндік, сол үшін де жастар осы жанрды жақсы көреді. Рэпке қызығушылығым Қазалыда №249 мектепте оқып жүргенде басталған. 2015 жылы Ерболат Беделханның шақыруымен Алматыға келіп, осы стильде жұмыс істедім. Рэп өлеңдерімнің мәтінін тек қазақша жазамын, қазақша ойлаймын. Орысша өлең жазған емеспін. Жамбыл Жабаев атамыздың өлеңдерін оқу маған шабыт берді, фестивальде орындаған әнім – соның нәтижесі. Жамбыл және Сүйінбай аталарымыз туған қасиетті жер Ұзынасаи ауданында, Қарақастек ауылында бірінші рет болдым. Алған әсерім шексіз. Осы фестиваль секілді іс-шаралар жастар арасында жиі өтсе, артистерге де, жастарға да пайдалы. Мен патриоттық ән жазғанда қалай тебіреніп жазсам, ол тыңдарманым да сондай сезім сыйласа, қуаныштымын.



ТЕО:

– Гала-концертте орындайтын әнім Қазақстанның тәуелсіздік жылдары жеткен жетістіктеріне арналған. Өзімді патриоттың деп есептеймін және өз еліммен мақтанамын. «Отыз» атты бұл әнде тұңғыш ғарышкеріміз, ұлттық валютамыз, олимпиада чемпиондары жөнінде айтамын. Жалпы soul-jazz стилінде авторлық әндер жазамын. Әндерімнің сөзіне көп мән беремін, өйткені тілімізді құрметтеймін. Жамбыл атамыздың туған жерін көру маған керемет әсер сыйлады. Шабыттанғаным сонша, келе салып жаңа өлең туды. Рэп фестивальді ұйымдастырушыларға зор алғыс, жас буын мен аға буынның сабақтастығын нығайтатын осындай жобалар көп болса екен. Жыраулар мен ақындарымыздың өлеңдерін жастарға заманауи түрде жеткізу үшін жаңа жанрларды жатсынбау керек.

Фестивальге қатысқан жас таланттардың барлығы халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаттары, түрлі тележобалардың жеңімпаздары. Айталық, жас әнші Полина Макс – Fiestalonia Almaty, Baby star of Kazakhstan, «Х-Фактор Қазақстан» байқауларының финалисі. Ол қазір Алматыдағы Халықаралық бизнес университетінде 2-курс-та оқиды. Әнші қыздың репертуарында қазақша әндер көп.

Ақтөбе облысы Хромтау қаласының тумасы Сабина Нұрлан сахнада Тео есімімен танымал. «Шабыт» республикалық байқауының лауреаты Сабина – «IceBlue» тобының мүшесі және композитор. Талантты қыз өлең де жазады. Тео концертте «Отыз» атты өзінің әнін орындады.

Soulbirkez есімімен сахнаға шығып жүрген жас әнші Артем Брежнев Қызылорда облысының Қазалы қаласында дүниеге келген. Қазақ мектебінде оқыған Артем әдебиетті, поэзияны жақсы көреді, бала кезінен өлең жазады. Жамбыл бабаның музей-үйіне сапардан керемет әсер алған Артемнің қаламынан жуық арада тағы бір жақсы туынды шығары сөзсіз. Soulbirkez фестивальде орындаған «Азат елдің ұландары» атты рэп әннің мәтінін өзі жазған және отаншылдық рухтағы туынды тыңдармандарының ерекше ықыласына ие болды.

Рэп әндердің тұңғыш фестивалі көздеген мақсатына жеткені оған қатысқан жас таланттар мен көрерменнің ықыласынан-ақ байқалып тұрды. Жаңа жоба арқылы жас таланттар жыр алыбы Жамбыл Жабаевты ұлықтай отырып, өздерін де танытты. Ең бастысы, Қазақстанның мәдени дәстүріндегі ұрпақтар сабақтастығының қалыптасуына тағы бір үлес қосылды.

Дина ХАЛЫҚ

ЖЫР АЛЫБЫ – ЖАМБЫЛ

Жамбыл Жабаев 1846 жылы қақаған қыстың ақ боранында, Жамбыл тауының баурайында дүниеге келген. Жамбылдың әкесі Жапа елге қадірменді кісі болған. Ал анасы Ұлдан өлең-сөзге бір кісідей шебер, шешен адам болған. Ақпараттарға сүйенсек, шешендік өнер Жамбылға анасы Ұлданнан, яғни нағашы жұртынан жұғысса керек.

Биыл Жамбыл атамыздың туғанына 175 жыл. Әрине, осындай дарынды тұлғаларымызды еске алмасак, біздің кім болғанымыз. Жамбыл атамыз елімізге шуақты күндерді қайтаруға зор үлес қосқан шыншыл кісі.

Ол ел арасында болған жиындарға белсене қатысқан. Соның арасында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісте өзінің тапқырлығымен ел көзіне түскен. Бабамызды халқымыз ардақ тұтып, құрмет көрсететін. «Өсер ұрпақ болса, Жамбылдай болсын» дейді екен. Ол қайда барса да, өлең-жырларын айта жүретін еді. Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып, халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз. Жыр жамбозы Жамбыл ел мүддесін арттыруды мұрат қылды. Ол ешбір айтыста сүрінбеген.



Себебі айтыс атасы Сүйінбай ақыннан дәріс алған. Қара нөсер өлеңді қанжығасына

артқан Жамбыл жүз жасағанша қолынан домбырасын тастамаған. Ол «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» секілді дастандардың авторы. Ел арасында кеңінен танылған «Жамбыл мен Құлманбеттің айтысында» Жамбыл Құлманбетке:

– Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт!

Қарамбайдай сараңдар толып жатыр,

Оны мақтап, әуре болмай, жөніңе қайт! – деген жауабымен айды аспанға шығарған болатын.

Жамбыл өзінің алғырлығымен, жырларымен, айтыстарымен, өлеңдерімен халық

жүрегін жаулап алған дара тұлға. Шындығына келсек, мен Жамбыл атамызды үлгі тұтар, мінсіз тұлға ретінде көремін. Қазір елімізде Жамбыл атамыздың есімі берілген музейлер, көшелер және білім орындары бар. Ол халқымыз үшін «Жыр алыбы – Жамбыл» болып қала бермек. Жырға келгенде Жамбылға тең келер қарсылас жоқ. Оған ғасырлар мен замандар куә.

Сабира САЙПЕДЕН,
М.Құсайынның атындағы
Ақтөбе облыстық дарынды
балаларға арналған
мектеп-интернаттың
7-сынып оқушысы.

• Әуез

«Әнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу, өмірге ғашық болып келеді». Мұхтар Әуезовтің осы сөзі дәл тауып айтылғандай. Олай дейтін себебіміз, жақында күтпеген жерден арнайы шақырту түсіп, осы бір мүмкіндікті қалт жібермеу үшін жүгімізді жинап Елордамызға қарай іссапармен аттанған болатынбыз. Нұр-Сұлтанға келуіміздің басты себебі – «Junior Eurovision-2021» Халықаралық балалар әні байқауының ұлттық іріктеуі еді. Өмірін өнермен гүлдендірген балалардың арқайсының арманына айналған бұл байқауға биыл Қазақстан төртінші рет қатысқалы отыр. Астанаға алғаш рет келуіміз болса да, мұндағы ерекше ықылас танытқан адамдардың жайсаң көңіліне қуанып қалған жайымыз бар. Қаланың салқын ызғары мен әр жерде бір үйіліп жатқан аспақ қары, бір-бірімен бой таластырып тұрған әсем ғимараттары Елордаға алғаш табан тіреген адамға ерекше әсер қалдырады.



Бұл – осы уақытқа дейін байқау тарихында болмаған сәт. Қазылар алқасы пікірлерді ортаға салып, ақылдаса келе бір шешімге келді. Ұлттық іріктеудің нәтижесі бойынша 19 желтоқсан күні Франция астанасы Париж қаласында өтетін дүбірлі додада Әлинұр Хамзин мен Бекнұр Жәнібекұлы «Ертегі әлемі» атты Нұрболат Қанайдың әнін орындайды. Жеңімпаздардың есімдері белгілі болған соң байқаудан кейін жеңімпаздарды жеңістерімен құттықтап, сұхбаттастық. Сондай-ақ он үздіктің өнерін талғам таразысына салып, бағасын берген қазылар алқасының пікірін тыңдауды да жөн көрдік.

Әлинұр ХАМЗИН, «Junior Eurovision-2021» ұлттық іріктеуінің жеңімпазы:
– Мен өте қатты қобалжыдым. Мұны сөзбен айтып жеткізе алмайсың.

Бекнұр ЖӘНІБЕКҰЛЫ, «Junior Eurovision-2021» ұлттық іріктеуінің жеңімпазы:
– Қазақстан халқына мені қолдап, дауыс бергені үшін алғысымды айтамын! Мен 1-орындамын! Бұл жеңісімді барша қазақстандыққа арнаймын. Егер мен Балалар «Евровидениесінде» жеңіп шықсам, бүкіл Еуропа халқына рақметімді айтар едім. Мен өзімді болашақта әлемдік деңгейдегі супержұлдыз ретінде көремін. «Евровидение» – әлемдегі ең үздік байқаудың бірі!

Қанат АЙТБАЕВ, әнші, «DimaShAlI» продюсерлік орталығының директоры:
– Балалардың өнерін бүкіл ел тамашалады. Балалар бірінен бірі өтеді. Шетінен талантты, өнерлі, білімді балалар. Шырқаған әндері интеллектуалдық деңгейде барынша күрделі дүниелер. Бүлдіршін жасына қарамастан қысылмай үлкен сенімділікпен сахнаға шығып, өздеріне жазылған әнді орындап жатыр.

ЕКЕУІ ЕУРОПА ТӨРІНДЕ БАҚ СЫНАЙДЫ

Келуіміздің негізгі себебіне айналған іс-шара – ауқымды байқаудың өтетін күні куәлігімізді алып, Қазмедиаға қарай бет бұрдық. Еліміздің басты медиа орталығына келген соң бірден гардеробқа қарай барып, байқау қатысушыларының қызу дайындығын сырттай қарап бақыладық. Бірі әнін айтып, іштей дайындалып жүрсе, екіншісі фотосессия жасап, кейбірі үй ішімен хабарласып, эфирді тамашалауға, дауыс беруге шақырып жатыр. Осы бір сәт балалық шағымыздағы ең тәтті кезеңімізді көз алдымынан жүгіртіп өткендей болды.

Эфир басталуына бірнеше минут қалғанда ұйымдастырушылардың нұсқауымен орнымызға барып жайғасып, сахнадағы көріністі, ұлттық іріктеудің барынша жоғары деңгейде өтуіне кадрдан тыс атсалысып жүрген команда мүшелерінің жұмысын бақыладық. Байқауға еліміздің түкпір-түкпірінен жалпы 800-ден астам өтінім келіп түскен екен. Әділ қазылардың шешімімен келесі кезеңге 30 қатысушы өтті. Өрмен қарай халықтың берген дауысы нәтижесінде үздік деп танылған 10 қатысушы финалға жолдама алды. Байқаудың Ұлттық іріктеуі «Хабар» телеарнасының тікелей эфирінде көрсетілді.

Бірнеше минуттан кейін жүргізушілер сахнаға көтеріліп, тартысты дода басталды. Байқау ережесі бойынша, әр қатысушы отандық композиторлар жазып берген су жаңа әнді орындауға тиіс. Бірнеше қатысушының өнерін тамашалаған соң сахна сыртына қарай беттедік. Балалардың қуаныш пен ұйымға толы толқынысына, ата-аналар мен ұстаздарының әрбір минутты босқа жібермей бүкіл таныстарын дауыс беруге шақырып, көтеріңкі көңіл-күйде жүргеніне куә болдық. Сахнада он қатысушының ішінен алғашқы болып өнер көрсеткен Әлімжанды әңгімеге тарттық.

Әлімжан ТҮГЕЛБАЙ, «Junior Eurovision-2021» ұлттық іріктеуінің финалисі:
– Бұл байқауға ұстазыммен және отбасыммен ақылдаса келе, қатысамыз деп шештік. Осында он күн бойы дайындалдық. Жанерке, Әлия апайларымызбен бірге орындайтын әнімізге дайындық жүргіздік. Бұл байқаудан бөлек, «Бала дауысы», «Ұлы дала ұрпақтары», «Жарық жұлдыз» және тағы да басқа республикалық, халықаралық деңгейдегі байқауларға қатыстым. Сахнада орындаған әнім арқылы көрерменге болашақта арман-мақсаттарымыз орындалатынын жеткізім келеді.

Әндерін орындап, қазылар алқасының пікірін тыңдаған балалар сахна сыртына келіп, ата-аналары мен ұстаздарының қасында әсерін бөлісіп жатыр. Осы бір сәтте қасымызға бірер минут бұрын өнер көрсеткен, ақ түсті сахналық костюм киген Айғаным келді. «Арманым» атты әнді нақышына келтіріп орындап шыққан Айғанымның талантына біз де тәнті болдық.

Айғаным АМАНТАЙ, «Junior Eurovision-2021» ұлттық іріктеуінің финалисі:
– Мен осы байқауға келіп, он күн бойы дауысымды шыңдадым. Орындауым арқылы халыққа армандарым жайлы айтқым келді. Төрт жасым жасымынан бастап түрлі байқауға қатыстым. Алғашқы жеңісіме Түркия мемлекетінде өткен байқауда қол жеткіздім. Ол байқауға 5–7 жас аралығындағы категория бойынша қатысып, бас жүлдені иелендім. Балалар Евровидениесі 2018 жылдан бері көріп келе жатырмын. Отбасыма да, оныдағы да өткен барлық бала талантты, дауыс деңгейлері бірдей.



Өрмен қарай қатысушылардың өнері мен сахна сыртындағы әртүрлі эмоциясын, қызығын бақылап, байқау соңына да жақындадық. Халықтың онлайн дауыс беруі үшін үзіліс жариялап, барлық ата-ана мен ұстаздар дауыс жинауға атсалысып, өнерпаздар нәтиженің жариялануын күтіп абыр-сабыр күйде. Еліміздің атынан Еуропада өнер көрсететін болашақ жұлдыздың есімін білу бізге де қызық. Бірнеше минуттан кейін ұйымдастырушылар барлық он қатысушыны жинап, бізді концерт залына қарай шақырды. Көрермен ретінде сырттай бағалап, кіміңіз өтуі мүмкін екенін топышылап, біз де нәтижені асыға күттік. Жүргізушілер қазылар алқасының қатысушыларға берген ұпайын сараптап, шешуші дауыс – халықтың берген бағасын пайызбен көрсете бастағаннан-ақ балалардың жүзінен толқуды байқадық. Күтпеген жағдай – екі бірдей қатысушының жалпы ұпай бойынша бір орынға тұрақталуы.

Алдыңғы жылғы қатысушыларға байқауға дайындалу үшін бір ай уақыт берілген. Біз он күн ғана дайындалдық. Сонымен ойынға уақыт бөлмей, барынша дайындалуға тырыстық. Балалар Евровидениесі басталғалы бері үзбей көремін. Данэзия Төлешиова, Ержан Максим, Қарақат Баианованың өнерін әлі күнге дейін қайталап көріп келемін. Сол кезде мен де осылай ел атынан байқауға қатыссам екен деп армандайтынмын. Арманым орындалды. Әнді орындағанда жетіспейтін тұстары болды. Өйткені уақыт жетпей қалды. Ұлттық іріктеу тарихында ерекше есте қалған орындаудың бірін айтар болсам, Әдігерім Тілеубектің Winner әнін орындауы дер едім. Маған қатты ұнады. Біз бұл әнді ұлттық іріктеуде хормен шырқадық. Жеңісімді оралдықтарға, қазақстандықтарға, отбасыма, мектебіме және Орал қаласындағы мәдени аяулы бірлестігіне арнаймын.

Бұрын орындамаған әнді нақышына келтіріп жеткізе білу үлкен дайындықты талап етеді. Балалардың барлығына ризамыз. Осы сәтті пайдаланып балаларды дайындаған ата-аналарына, ұстаздарына иын көңілден рақмет айтқымыз келеді.

Мәдина СӘДУАҚАСОВА, әнші, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері:
– Он қатысушы да өте жоғары деңгейде өнер көрсетті. Репертуар жағынан әндері, өзін-өзі сахнада ұстауды, вокалы ұнады. Еңбегісі қатты қобалжыған жоқ. Барлығы бүкіл өнерін еркін паш етті. Біз үйің, әрине, қиынның қиыны болды. Ең қиыны – екі қатысушы бірдей ұпай алған кезі. Бұл тіпті байқау тарихында болмаған дүние болды. Сондықтан біз осылай шешім қабылдадық. Екі бірдей қатысушы бір әнді орындайды. Байқау ережесі бойынша бір мемлекеттен бір ғана ән орындалады. Бекнұр мен Әлинұр екеуі қосылып Парижде Нұрболат Қанайдың «Ертегі әлемі» әнін шырқайды. Жетімтерге иын жүректен сәттілік тілеймін! Биыл жеңіс біздікі болсын.

Осылайша Еуропа көз тіккен байқауда еліміздің атынан ұсынылатын қатысушылардың есімдері белгілі болды. Ерекше атап өтерлік жайт, биыл байқауға Қазақстаннан алғаш рет екі қатысушы бір өнмен қатысқалы отыр. Миллиондаған көрермен назарын аударған әлемдік додада еліміз жарқын жеңістің дәмін татса екен деген ниетіміз бар. Барша қазақ елін желтоқсанда өтетін байқауында қо бұлдіршілімізді қолдауға шақырамыз!

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, «Ұланның» жас тілшісі.

«Халіңіз қалай, ата?»

ҮСТАЗДАРЫМЫЗ

Істеген ісі таудай, ал тұлғасы ерекше, халықпен бірге ғұмыр кешіп жүрген қарапайым адамдар болады. Мұндай жандар өмірде көп кездеспейді. Сондай ерекше жанның бірі – балаларға «Айдос ата» атанып кеткен танымал актер, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының актері Айдос Бектеміров десек қателеспеймін. Адамгершілік қасиетін ел аузынан талай естіген едім. Айдос атамен кездескен сәттен атамыздың ерекше жаратылысын өз көзіммен көрдім, әр сөзінен сезіндім. Достар, бір қызық болған дүниені айтайыншы. Кездесуге кешігіп бара жатырмын. Қаланың бір шетінен, «Жұлдыз» ықшамауданынан қалаға жету оңай соқпады. Сұқбат кейіпкері тілшіні емес, тілші кейіпкерді іздеуші еді. Бірақ Айдос атам маған хабарласты. «Келіп қалдың ба, театрға дейін келмей-ақ қой, алдыңнан өзім шығайын», – деді. Мен қатты ұялып кеттім. Аялдамадан түсіп алып, театрға қарай жүгірдім. Ақымасын ғой сондай. Театр қызметкерлерінің кіреп есігі театрдың оң жағында орналасқан екен. Мен сол жағынан бастап, бүкіл есіктің тұтқасын ұстап, айналып шықтым. Мен үшін бұл ұят нәрсе болды. (Бірақ оны ешкім байқамаған сияқты). Осылайша оң жақтағы шеткі есікке жүгіріп келгенімде, Айдос атам аяндап, маған қарай келе жатыр екен. Айдос атамның жүзін көргенде, өз атамды көргендей анау жерден атаға қарай жүгіре жөнеліппін. Ол кісі: «Жұлдыздан келсең, мен сол жаққа баратын ем, сен жаққа бара салатын едім ғой», – деп, алыстан келгенімнің өзін түсініп, маған жылы шырай танытты. Осындай да қарапайым адам болады екен ғой деп ішімнен сүйсініп тұрмын. Атамның қызметтік кабинетіне барып, әңгімеңізді жалғастырдық.

– Өнер адамы үшін әр туындысы, әр ролі өз баласындай емес пе? Дегенмен «Сталинге хат» спектакліндегі Тұрар образы сіз үшін ыстық болғаны рас. Бәлкім көрген боларсыз, жақында «Қызыл жебе» атты жана телехика көрерменге жол тартты. Театр және кино актері ретінде Тұрар бейнесін сомдаған әртістерге қалай баға берер едіңіз?

Айдос ата: Мен бұл фильмді әлі көрмеген екенмін.

– Онда сізден бір дүниені сұрағым келіп отыр. Тұрар образын анау-мынау актер ойнамайды ғой. Тұрарды сомдау үшін актер қандай болуы керек?

Айдос ата: Әрине, Тұрар үлкен қайраткер ғой. Образ жасау үшін ол адамды білу керек, зерттеу керек. Фильмдегі актер оны зерттеді ме, зерттемеді ме, ол жағын білмеймін. Бірақ өзім Тұрар ағамыздың жолдасы Әзиза апамыздың үйінде болып, біраз сөйлескен едім. Тұрар аға туралы көп әңгімені сол кісінің аузынан естідім. Әрине, оқысаңыздар, Тұрар тағдырын бәріңіз де білесіздер. Жетім өскен. Әкесі, «Қараш-қараштағы» атақты Бактығұл баласын орыс зиялысы Александрға тапсырып, итжеккенге кетеді. Қайраткер болу үшін көп нәрсені көру керек, қиындықты бастан өткеру керек. Менің ойымша, соның бәрін көріп өскен адам халыққа жақын болады. Елдің бәрі бақытты емес қой, адам болғаннан кейін түрлі жағдай болады, қиындықтар болады. Соның бәрін шыдай білу керек, соның бәрін жеңіп шығу керек. Ел билеу үшін осындай қасиеттер болуы керек. Француздың «Парижские тайны» атты фильмін көргенмін. Сол фильмде Франция королі үстіне жұпыны киім киіп алып, «халық мен туралы не деп ойлайды екен, не деп жатыр екен?» деп ел арасына барып жүреді. Көрдіңіз бе, халыққа қызмет ету оңай емес, ол үшін халықты білу керек, халықтың қандай мәселесі бар, соны шешу керек, жәрдемдесу керек.

ДИНОЗАВРДЫҢ АР ЖАҒЫНДА БИОЛОГИЯ, АРХЕОЛОГИЯ ДЕГЕН ДҮНИЕ ТҰР МА ЕКЕН?

– Бірінші Аллаға, екінші Абайға бас өлесің. Әр әңгімеңіз-де Абайдың өлеңі мен қара сөздері тұнып тұр. Абай ілімін бала бойына қалай сіңіру керек?



Айдос ата: Қалибек Қуанышбаев ағамыз түнде жатарда, жастығының астына Абайдың кітабын қойып, жастанып жатады екен. Бұл – Абайға деген құрмет. Абай деген үлкен күдірет қой. Шыны айтқанда, біз Абайды әлі зерттеп біте алмай жатырмыз. Бұл үлкен философ, ғалым адам екен. Неміс ақыны Гетенің өлеңін М.Лермонтов аударған. Одан Абай аударған. Германияда тақтатасқа сол өлеңнің астына Абайдың да атын жазып қойыпты. Қандай құрмет?! Себебі Абай аудармасының мағынасы өте жоғары болған. Бір жағынан таңғаламын. Бұл бір табиғи құбылыс болу керек. Әйтпесе елдің бәрі Абай болып кетпей ме? Бәрі ақын, бәрі философ болып кетпей ме?

Жаратылыстың табиғаттан келетін сондай бір құбылысы болса керек. Соны біздің Алаш азаматтарымыз дер кезінде білген ғой. Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны – Абай» деп кеткен. Ол кісілер Абайдың қадір-қасиетін, Абай шығармасының қаншалықты терең екенін білген. Әрине, Абайды мектепте де оқыдық, былай да оқыдық. Ол кездерде аса мән бермеппіз.

Жаспыз, баламыз ғой. Кейін келе Жастар театрында ойнап жүргенде Абайды сомдадым. Райымбек Сейтметов деген ағамыз «Абайды» сахналады. Төрт түрлі Абай бейнесі болды. Маған қарт Абайды берді. Мен ойнаған рөлдерімде бір ерекше, жақсы сөздер болса, өлемі, мағыналы сөздер болса, сол менің жадыма сақталып қалады. Содан ба, білмеймін, Абайдың сөздерін, өлеңдерін оқып, тындап, содан тұщынып, өзіме бір рақат, жақсы дүние таптым. Абайдың өлеңдерін оқығанда, рақаттанамын. Өткенде бір сөзімде айтқан ем, америкалықтардың бет-бейнесі – талантты актер Марлон Брандо. Мысалы, түріктерде Тюркан Шорай дейтін керемет актрисасы бар. Сондай сұлу кісі болған.



Сол секілді елдің өзінің бір бет-бейнесі, тұлғасы болады. Менің ойымша, сол қазақта Абай деп санаймын. Жұрт Абайды көргенде, қазақ, Қазақстан деп, қазақты көргенде, Абай деп жатса екен деймін.

– Өзіңіз айтқандай, мектеп қабырғасында оқушылар Абай өлеңінің тереңіне бармай, зылдатып жатпап, бағамды алсам болды деп қана қарайтын секілді. Мұны түсіндіруге ата-ананың ролі басым болар?

Айдос ата: Әрине, әрине, Абайды әрбір қазақ білуі керек. Маған осы бір сөз ұнайды. «Әр қазақ – менің жалғызым» деген сөз бар. Шынында, біз аз халықпыз ғой. Бір-біріміздің қадір-қасиетімізді біліп, бір-бірімізді сақтап жүруіміз керек. Мысалы, Абайдың өзінің тәрбиесін алайын. Билер бас қосқанда, небір тартыстарда Құнанбай Абайды жанына отырғыздырып қояды. Үлкен адамдардың әңгімесін бала тындап отырып, баланың да өресі тез өседі. Балалық ойынды емес, үлкен айтыс-тартыстарды тындап, қайсы дұрыс, қайсы бұрыс, кім өтірік айтты, осының бәрін аңғарып білетін болады. Осыны көріп ерте есейетін болады. Мұның бәрі әке-шешеге байланысты. Баланың бірінші ұстазы – әкесі мен шешесі. Тәрбие үйден басталады. Кішкентай кезінен баланы ыңғайлау керек. Біз былай деп айтамыз: «Ойбай, бала өссін, ертең он жетіге келгенде оқуға барады, ненің дұрыс-бұрыс екенін түсінеді», – деп. Ол кезде бәрі кеш болады.

– Бала тәрбиесі деп жатырмыз ғой, өзіңіз де бала тәрбиеледіңіз. Қыздарыңыздың сабағына өте қатал болған екенсіз. Ал өзіңіздің бала кезде үлгеріміңіз қандай еді? Оқығыңыз келмейтін, ұнатпайтын сабағыңыз болды ма?

Айдос ата: Ол кезде білмейміз ғой. Бәрін оқу керек дейді. Ұнатсаң да оқысын, ұнатпасаң да оқысын. Кеңестің кезінде тәртіп солай болды. Бірақ сол кездегі оқуға бір риза болатыным – жан-жақты білім беретін. География, тарих, химия ма, бәрін жан-жақты үйрететін. Қазір арнайы біржақты ғана оқытатын мектептер бар, басқасын керек емес деп оқытпайды. Кейде шетелге шыққанда, жұрттар біздерге бәрін қалай білесің деп таңғалады. Ол кезде бізге бәрін оқытты. Бұл жақсы деп ойлаймын. Осы жүйені қалдыру керек. Тарихты, басқа сабақтарды бөлуге болмайды. Керек дүниені оқыту керек. Одан бала зиян шекпейді. Оның дүниеге деген көзқарасы, ойлау қабілеті одан сайын кеңейіп, арта түседі. Әрине, бала бір мамандықты жақсы көре ме, сол бір саламен айналысу керек. Сонда ғана одан бір нәтиже шығады. Оны ұнатпаса, қиналып жүрсе, содан артық бейнет, бақытсыздық жоқ шығар.

– Мамандық таңдау кезінде ата-ана қалай бағыт бергені абзал?

Айдос ата: Жаңа айтқанымдай, бала нені жақсы көрсе, соған беру керек. Біздікі олай емес. Жоқ, ол сот болады, ол прокурор болады, зангерлікті оқыту керек дейді. Ол балаға қызық емес, істегісі келмейді. Міне, осыдан ертең трагедия басталады. Адам ауыл шаруашылығымен айналысса да, соны жақсы көріп істеуі керек.

• Халіңіз қалай, ата?

ЖАНАШЫРДЫҚТЫ ҮЙРЕТТІ

Содан бақыт табады. Кейбір ата-аналар мен актер болсам, ертең менің балаларым да актер болуы керек деп ойлайды. Біреу дәрігер болса, балам да дәрігер болуы керек, жолымды жалғастыру керек дейді. Бұл да дұрыс дүние емес. Бүгінде әлемде өмір сүріп жатқан халық жеті миллиардтан асып кетті. Сонда бір адам бір адамға ұқсамайды ғой, білесіз бе?! Мысалы, менің отбасымда аға-інім, қарындастарым бір ата-анадан тудық қой. Бірақ бәріміз түрлі-түрліміз. Неге? Бір атадан туған соң неге бірдей болмаймыз? Алланың құдіретінің кереметтігі ғой. Сондықтан да болса оқимыз, болмасаң да болса, менің ізім деп қинауға әсте болмайды. Өйтпін балаға обал жасайды. Бұлай тәрбиелеуге болмайды ғой.

– **Қатарластарымнан байқап жүрмін. Мектепте он бір жыл оқыса да, не тандарын өзі білмей жүрген жастар бар. Нені жақсы көретінін өзі білмейді. Бұған да ата-ана жауапты ғой?**

Айдос ата: Бұл да дұрыс емес. Үйден бастап баланы тәрбиелеу керек. Бала нені жақсы көреді, соны байқау керек. Менің немерем динозаврды жақсы көрем дейді. Бүкіл динозаврдың коллекциясын жинайды. Ол балаға не дейсің енді? Динозаврдың ар жағында биология, археология деген дүниелер тұр ма екен? Сондай дүниені ата-ана байқап, аңғарғаны жөн. Сосын бір ата-аналар кітап, домбыра, ақша сияқты заттарды қойып, қайсын таңдайсың деп қызық көреді. Бұл да дұрыс емес. Бала өзін ыңғайлануы керек. Сен мынаның үшеуінің біреуін ал, басқа жоқ деуге болмайды ғой. Ал мүмкін ол бала ғарышқа ұшқысы келетін шарғар.

ӨТІРІК МАҚТАУ – БІЗДІҢ ТРАГЕДИЯМЫЗ

– **Алғаш Алматыға қадам басып, оқуға келгеніңізде жас болдыңыз, көп дүниені көрмеген кезіңіз.**

Айдос ата: Иә, ол кезде он жетіде болдым.

– **Сол кездегі бастан кешкен қызық бір оқиғалардан айтып берсеңіз...**

Айдос ата: Өмірде қызықты жайт көп болды ғой. Әрине, оның бәрі есте тұра бермейді, ойланп, еске түсірмесем... Жас кезімде әкемнің жанында жүріп, асауды қолға үйреттім. Алматыда, эстрада студиясында оқығанымда, шешем әкемізге ренжіп: «Оқуда жүрген бала аттан құлап, бір жерін мертіктіріп алса, бір жерін сындырып алса қайтесің?» деп сөйлейді. Ана, шіркін, қандай сонда? Әкем қолда тыңдамайды. Талай рет аттан құладым. Кейде ойлап отырсам, соның астарында бір үлкен қайсарлық жатыр.



Жылқының қылынан өрген арқаннан қолың ысып кетеді, осып кетеді. Қолың қанайды. Қанды көріп, асауға қайта мініп, қайта құлап беріспейсің. Асау көнбейді ғой. Ол да жас мал, көнбейді, секіреді, мәнкіді, құлайды, шабады. Енді қарап отырсам, сол кезде әкем балам кішкене ширақ болсын, өмірдің түрлі қиындығында төмен құлап кетпесін, берілмесін, өзін-өзі ұстай алатындай болса екен деп ойлады ма деймін. Өртүрлі жұмыс істедік. Ауылдың тірлігі ғой. Шөп шабу, шөп түсіру, өгіз арбамен шөп тасу дегендей. Қолмен бәрін істейсің. Біраз тірлікті көрдік қой. Мұны неге айтып отырмын, осының бәрін көріп түсіну керек. Кейде біздің қазақтың киноларына қарап таңғаламын. Бір керегені қойып қояды да, қазақтың үйі дейді. Сонда анау ағаш керегеді адам тұра ма? Оның сыртын орайтын киіз бар, ішінде түскізі бар. Ағаштан тарта салған бірденені үй дейді. Нағыз киіз үйді түріктердің фильмінен көрдім. Аппақ киізбен ораған, аппақ жүннен тоқыған, жылы, әдемі! Ол деген таза қолдың еңбегі ғой. Біздікілер мұны білмейді. Бірденені оқып алады да, киіз үй деген мынау дейді. Киіз үй деген ол емес! Қоңыр киізден жасалған, қойшылардың күркесі секілді төрт қанат үйді қазақтың киіз үйі дейді. Киіз үй деген – үй! Үлкен, еңселі болады. Алты қанат, сегіз қанат, он екі қанат дегендері болады. Кен, ракат, биік болады! Оның ішіне ас бөлмесін, ошағын шығарады. Қазақта көп бөлмелі, әдемі үйлер болған. Оны бүгін де білмейді, білмеген соң айтпайды, айналып келіп, қойшының күркесін киіз үй деп көрсетеді. Оны режиссерлер жақсы білуі керек.

– **Режиссура демекші, жақында сахналанған «Бөрте» қойылымы жайлы не дейсіз?**

Айдос ата: Бөртені қазақ қана емес, бүкіл дүниежүзі біледі. Бірақ оны қазақ екенін біле ме, білмей ме, бұл енді күмәнді... Бірақ ол қоңыраттан шыққан қазақтың қызы. Шыңғыс ханның шешесі де – қоңырат. Әйелі де – қоңырат. Шыңғыс ханның балаларының бәрі қоңыраттың қызынан тарап отыр. Әкесін біреу түрік дейді, біреу моңғол дейді. Оны енді түсінбейсің. Бірақ әйелінің қазақ екені хақ. Сондықтан да мен мақтанамын. Қазақтың қыздары қандай болған? Менің бір жеке пікірім бар. Менің қателесуім де мүмкін. Шыңғыс ханның фильмін түсіру үшін Моңғолияны білу керек, Моңғолияның жерін, табиғатын, даласын, даланың аң-құсын, суығын, күз-қысын, ыстығын білу керек. Аңызак жел ұрып тұратынын білу керек. Мысалы, Африка мен Азияның табиғаты, климаты екі түрлі. Адамдары да әр түрлі болады. Сондықтан «Шыңғыс ханды» түсіру үшін оны білетін адам керек. Біреу Еуропадан келіп алып, Шыңғыс ханды түсірсе, ол сонда не біледі? Ол жазылған Шыңғыс ханды түсіріп шығады. Сол секілді Тұрар да сондай. Оның қайдан шыққанын, жетімдікті көргенін, басқа ұлттың ішінде өскенін, қандай қиындық көргенін – бәрін білу керек қой.

– **Эстрада студиясында оқығанңызда, Ыдырыс Ноғайбаев ұстазыңыз болды. Сіз бағалайтын Ыдырыс ағаның ерекше қасиеті қандай еді?**

Айдос ата: Ол кісінің бір қасиеті – жаратылысынан таза адам еді ғой, турашыл адам. Содан кейін ол кісі де Мәскеуде білім алған. Қазағымды жамандағаным емес, өзімнің түйгенімді айтамын. Бізде де Жүргенов академиясы бар, театр институты бар.

Бірақ орыс пен қазақтікі жер мен көктей. Екеуінің оқытатыны бір. Бірақ олардікі басқа, біздікі басқа. Алысқа бармай-ақ, біздің Әуезов театры алайық. Әуезов театрының гүлденген кезі – Әзірбайжан Мәмбетовтың кезі. Әзірбайжан Мәмбетов Мәскеуде оқыған. Хадиша Бөкеева Мәскеуде оқыған. Ыдырыс Ноғайбаев Мәскеуде оқыған. Ылғи да мықтылардың бәрі Мәскеуде оқыған. Бізден неге ондай мықтылар шықпайды? Бөленбай студент оқып жатыр. Неге жоқ? Ноғайбаев қайда? Әзірбайжан Мәмбетов қайда? Жоқ. Өйткені оқуда жатыр. Соны дұрыс қабылдағандық тұр. «Ура, ура, сен керемет, мен керемет, ойбай, сен талант, сен сұмдық!» дейміз. Өтірік мақтау түбімізге жетеді. Шынында, мен керемет екенмін деп актер солай тоқтайды. Ол ізденбейді, әрі қарай оқымайды, оған қызық та емес. Өтірік мақтау көп. Сол – біздің трагедиямыз!

– **Актер де ұстазға қарап өседі емес пе?**

Айдос ата: Мен оқып жүрген кез – Кеңес өкіметінің кезі ғой. Жоқшылық. Сонда ұстаз-профессорларымыз бір бутерброд нанды алып, соған сыр, қолбаса салып, целлофанға орап, төс қалтасына тығып алып келеді. Сабақ ортасында түскі ас болады. Профессор барады да, бір стақан шай алады, сосын жанағы бутербродын шығарады. Оның жартысын бізде береді. Міне, мұғалім! Сендер студентсіңдер! Сендер аш жүресіңдер, жасыңдар, ақшалауларды құртып қоясыңдар деп бір бутербродтың жартысын кесіп береді. Біз керек емес, керек емес дейміз. Анаған қарасаң, жейтін түк жоқ. Сонда ойлап қарасаң, біз одан бір тойып қалмаймыз ғой. Анадан мен де тойып кетпеймін. Ол да тойып қалмайды. Сонда олар жанашырлықты үйренсін, біреуге жаны ашысын, өзінкің бөліп берсін деп үйретеді екен ғой. Соны әдейі істеген екен ғой деп қазір ойлаймын. Міне, тәрбие! Актер сондай жаны ашығыш болуы керек деп тәрбиеленген екен. Төлеген Айбергеновтың бір өлеңі бар. «Ақын боп өмір кешіру оңай деймісің, қарағым, Аузында болу бұл өзі сыздаған барлық жараның», – дейді. Жараның беті секілді сыздап тұрады ғой. Бірдене тиіп кетсе, аштың. Актер, міне, сондай болуы керек! Ол барлық нәрсеге реакция жасап отыруы керек. Барлық дүниені елден бұрын сезіну керек. Сонда ол мықты актер болады.

– **Өзгеріске толы білім жүйесіне көзқарасыңыз қандай?**

Айдос ата: Қанша рет оқулықтарды ауыстырдық. «Әліппені» алып тастап, оны қайта әкелдік. Жоғарыда отырған адамдардың ішінде біреуі «Ей, бұл баяғыдан бері,

Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлынан бері келе жатқан әліппеміз! Қалай мұны алып тастаймыз? Ертең біз не оқимыз?» деп айтпайды ғой, ойланбайды ғой! Басқа елдің бәрінде өз әліппесі бар. Ал бізде «ойбай, алып тастаңдар» дейді. Ертең тарих жоқ. Өзінді-өзің жоқ қыласың! Мен осыған таңғаламын. Не деген өзінің тарихына деген өштік, не деген жауыздық? Ананы да құрту керек, мынаны да құрту керек. Бір кезде Абайдың өзін талай жерге апарып тастады. Ал жарайды, Абай жоқ, жаман дейік. Сонда кім қалды? Ешкім жоқ. Сонда сен кімсің? Ұлт емессің, халық емессің. Жақсың болмаған соң сен нөлсің! Соны ойлап күйінемін. Бәрі оқымаған болсын. Бірен-саран адам болсын тоқтау салып, өзгелер не істеп жатыр екен деп айналасына қарауы керек емес пе? Басқа елдердің тәжірибесіне де көңіл аударып, байқап көру керек қой!

– **Екі кезеңді де көрдіңіз? Бүгінде жастардың бойында не жетіспейді?**

Айдос ата: Жастарда ғылымға, білімге қызығу аз. Ал негізінде, қандай ұлттың болсын болашағы – білім мен ғылымда. Бәрі бизнеске ауысып кетті, ақшаға ауысып кетті. Бүгінде мына жаман аурудан адамдар қырылып жатыр. Дәрігер қайда? Дәрі қайда? Жұрттар космосқа барып жатыр, Айдан, Шолпаннан тіршілік іздеп жүр. Ал мұнда халық қырылып жатыр. Оны таппайды, жоқ дейді. Ішім ашып отыр. Мен ұлтымды жақсы көрген соң айтатын. Әр қазақ аман жүрсе екен деймін.

– **Уақыт бөліп, шынайы әңгіме құрғаныңызға көп рақмет! Газетіміздің оқырмандарына айтар аталық ақыл-кәсінісіңіз болса?**

Айдос ата: Ұлан деген енді жастар ғой. Құнанбайдың мынадай сөзі бар: «Еліңе, жеріңе, тіліңе, діліңе ие бол». Бітті. Осы төрт нәрсені, Алланың берген сыйына ие бол. Ие бола білу керек. Кім көрінген әкетпеу керек. Кім көрінген бөліп алмауы керек. Бұл да үлкен ақылды талап етеді. Үлкен парасат керек оған да. Ұрасатын жерде ұру керек, төбелесетін жерде төбелесу керек. Иә, иә, сенікі дұрыс, ләпшай дей беретін болсаң, онда құлсың! Мен жастарға осыны айтамын. Қазақ өлмесе екен, мәңгі ел болса екен, ұлы ел болса екен деймін! Алла бәрін де берген, байлықты да, жерді де берген, астың да, үстің де қоса берген. Тек соны игілікке жарат, бітті. Бақытты заман болады сонда. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман болады сонда. Соны Алла нәсіп етсін!

– **Әумин! Айтқаныңыз келсін! Аман болыңыз!**
Сұқбаттасқан
Айсұлу СЪЕЗХАН



Өздерің жазған хаттардан

Сәлеметсіздер ме, «Улан» газетінің ұжымы! Қалдарыңыз қалай? Мен биыл «Жас тілші Live-2021» байқауына қатысуға ниет білдірген едім. Мақала жазу негізгі талаптардың бірі болғандықтан, ұзақ уақыттан бері қандай тақырыпта мақала жазсам болар екен деген ойда жүрдім. Демалыста атам мен апамның ауылына барғанда бір-біріне жалғасып жематын, ұшы-қиыры жоқ тауларды көргенде, «Осы таулар қайдан пайда болады екен?» деген сұрақ қызықтырды. Біраздан бері таулар туралы ақпарат іздеуге қызықтым. Мен сияқты тау туралы деректер білгісі келіп жүрген балалар болса, кәдесіне жарап қалар деген оймен оқып-білген ақпараттарымызды жинақтап жолдап отырмын.

ТАУЛАР ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Таулар – етегі, шыңы, басы, беткейі бар өзен аңғарлары бар, жердің тастардан тұратын ауқымды бөлігі. Тау бірнеше жүздеген, мыңдаған шақырымға созылып, жер бетіндегі жазықтардан оқшауланıp биік боп тұрады. Олар жер қыртысындағы тектоникалық, неотектоникалық қозғалыстар мен жанартаулардың атқылауының нәтижесінде пайда болады. Мұхит табандарындағы таулар саны жер бетіндегі таулардан да көп. «Арал» деп жүрген кей жерлеріміз шындығына келгенде мұхиттағы таудың су бетіне шығып тұрған басы.

Тау беткейі тік, жайпақ немесе сатылы болады. Беткей топырақты, өсімдікті болса оны «құйкалы беткей», тек тас басып жатса «жалаңаш беткей» деп атайды. Тіп-тік, жалаңаш беткейлер жартаста айналып кетеді. Беткейдің жазық жерге келіп түскен жері таудың етегі деп аталады. Таудың ең биік нүктесі – шыңы.

Таулардың негізгі бес түрі бар: дөңес таулар, қатпарлы таулар, жақпарлы таулар, жанартаулық таулар және таулы үстірттер. Таулардың бұл бес түрі бір-бірінен тек сыртқы сипатымен ғана емес, түзілу жолдарымен де ерекшеленеді.

Дөңес таулар жер астынан балқып шыққан тастардан түзіледі. Дөңес таулар өздерін қоршаған жерден анағұрлым биік тұрады. Олардың екі түрі бар: біріншісі – жанартаудан



шыққан жерасты жынысының күмбез тәрізді болып орналасуынан пайда болады. Ал екіншісі – бір кездері өте биік болған, бірақ қазір мүжіліп, шайылып, эрозияға ұшырап донестенген таулар.

Қатпарлы таулар, негізінен шөгінді жыныстардан тұрады. Шөгінді жыныстардың қалың қатпары, әдетте құрлықтардың шет жақтарында көп түзіледі. Сондықтан да қатпарлы таулар құрлықтардың шетінде жиі орналасады.

Жақпарлы-құжбан таулардың пайда болуына жер қабатындағы жырықтар мен опорулар басты себеп болады. Жер қабаты опырылғанда кейбір кесек жыныстар жоғары көтеріліп, біреулері төмен түсіп, біріннің үстіне бірі басады. Жақпар жыныс – жер қабатының сынып қалған бөлігі. Ол басқа бөліктерден құрылымы, бағыты, тікелейін қозғалу жылдамдығымен ерекшеленеді.

Таулы үстірттердің көпшілігі таулы қыраттардың ішкі бөліктері.

Жер қабығында үлкен тесіктер мен жырықтар болады. Кейде сол жерлерден балқыған сұйық лава мен жерасты газдары шығады. Мұндай заттар кей тесіктерде аз, кей тесіктерде көп болады. Кей тесіктерден оңайлықпен ерімейтін қою заттар, кей тесіктерден оңай еритін сұйық заттар шығады. Оның айналасынан конус пішіндес таулар, яғни биік кратер пайда болады. Жер астынан сығылып, күшпен шыққан газдар қопарғыш сияқты атқылап, сұйық лава бүркіді. Одан атылып шыққан заттар жоғары ұшып барып, суып, қатайды да төменге түседі. Осы қопсылар кратердің айналасына жинала береді. Қолсының үстіне ағып келген лава құйылып, кратердің көлемін ұлғайтады. Жанартаулық таулар осылай қалыптасады. Жанартаулық таулар құрлықтарда да, мұхиттарда да болады.

Әйкерім ЕРІАН,


С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназияның 7-сынып оқушысы. Нұр-Сұлтан қаласы

ДАЛА ҮЙРЕГІ

Қараша айының суық күндерінің бірі еді. Ағам екеуміз қой бағып жүргенбіз.

Ауылдың маңында малға деп үйілген үлкен іскірт шөп қатар-қатар жиналған. Айналасы қоршалған, мал кіріп таптап тастамасын дегені. Ағам байқап қалған екен, сол шөпке қарай бір үйрек ұшып келіп, шөп арасына кіріп кеткен. Екеуміз жаймен барып қарасак, үйрек ұя жасап алыпты. Бізді көре сала пыр етіп ұшып кетті.

– Ертең келеміз, – деп ағам екеуміз қойды айдап үйге келдік.



Ұйқидан тұрсам, ағам қойды айдап кетіп қалған. Кешегі үйректі ойлап, ұясына келді ме екен деп, менің де өріске барғым келді. Терезеден қарап қоямын.

Пеш түбінде шұлық тоқып отыр едім, уақыттың қалай өткенін білмей қалыппын.

Кеш түсіп қалыпты. Ағамның дауысы естілді. Үстіме қысқа тонымды іле сала жүгіріп шықтым.

– Кел, қара, – деп қояды. Қойнында кешегі үйрек, ұстап алыпты. Ұша алмай қалып қойған-ау деймін, себебі бір жақ аяғында жаракаты бар екен. Жаракатын таынып, үйдегі тауық, үйрек-қаздардың қасына қосып қойды.

Алтын АРЫСТАНҒАЛИЕВА Орал қаласы

Өзбекстандағы 7-сынып оқушысы Абдулла редакциямызға хат жазып тұрады. Жазған әңгімелерін жолдайды. Абдулла әлемнің әр түкпіріндегі балалардың шығармасын жинақтап, кітап құрастырғысы келеді екен. «Осы орайда редакция көмектесе ала ма?» деп сұрапты. Достар, алыстағы қандас достарыңның тілегін орындағыларың келсе, abdumominovabdulloh470@gmail.com электронды поштасына хат жазыңдар, шығармаларыңды жолдаңдар. Ал біз бүгін Абдулланың бір әңгімесін оқуды ұсынамыз.

НАУҚАСТЫ ЕМДЕГЕН «СИҚЫРЛЫ КІТАП»

Әнуардың анасы бір-екі күн әлсіреп жатып қалды. Дәрігерлер нақты диагноз қоя алмады. Олар жай ғана техникалық қызмет көрсету керектігін айтты. Әнуардың анасынан басқа жақын адамы жоқ еді. Бір күні мектепте оның сыныптастары анасының ауруын білмей, оны ұрып-соғып, ұжымнан қууға тырысады. Ол үнсіз жерге қарап қалды. Достары оны маззақ етіп, жалғыз қалдырды. Бір күш оны кітапханаға алып келді. Жол бойы көйлегі мен шалбарын түзеп, шаңын сүртті. Кітапханашы Әнуарға сәлем беріп, кітап сыйлады. «Бұл – сиқырлы кітап» деп кітапханашы мейіріммен күлді. Әнуар анасының тезірек сауығып кетуін шын жүректен тілеп, үйіне асығыс жетіп, кітапты ашты.

Кітапта: «Арманға оңай қол жетпейді, максатына жетемін десең, талпын. Анаңды бір ғана нәрсе құтқарады. Ол – «мен істей аламын» деген сиқырлы сөз», – деп жазылған екен. Ол кітапты алып, анасының жатын бөлмесіне кірді.

– Анашым, мен сізге кітапханадан кітап әкелдім. Ондағы өлеңдерді оқығанымды қалайсың ба?

Анаңның жүзінен жылы леп есті. Әнуар кітапты оқып жатқанда анасы оны тыңдау үшін орнынан ұмтылып тұрды. Анасын шаршатпау үшін шай дайындап, тамақтандырды.

Бір күні мектептен келсе, анасы аулада серуендеп жүр екен. Әнуар жүгіріп келіп анасын құшақтады. Содан кейін ол кітаптағы сөздердің анасының сауығып кетуіне үміт бергеніне куә болды. Әнуардың анасы сауығып кетті. Дәрігерлер бұл гажайыпқа танғалды... Әнуар «сиқырлы кітапқа» рақметін айтып, сүйіп, құшақтап, қуаныштан көзіне жас алды.

Абдулла АБДУМОМИНОВ, №102 мектептің оқушысы. Шайхантахур ауданы Ташкент қаласы

ӘЖЕМНІҢ БЕСІК ЖЫРЫ



Әжемнің есімі – Ақтүйме. Әжем мені кішкентай кезімнен бастап өзінің мейіріміне бөлеп өсірді. Ол менің ең қымбат қазынам. Мен тіпті әжемді ешқандай байлыққа айырбастай алмаймын. Себебі ол

менің байлығым.

Мен үйдің үлкенімін. Қазақта үлкен немере «атасы мен әжесінің баласы» деп жатады ғой. Мұндай жағдай біздің үйде де бар. Мен атам мен әжемнің тұңғыш немересі болғандықтан, сол кісілер бауырына басқан. Сондықтан болар, атам мен әжемді жиі сағынамын.

Мен дүниеге келгенімде әжем анама бесікке бөлеуді үйреткен екен. Әжем мені өзінің бесік жырымен ұйықтатады екен. Ес білгенімше бесік жырымен ұйықтатады. Қазір әжемнің бесік жырын сағынып жүрмін.

Айша САРМАН, Қазанғап атындағы балалар өнер мектебінің 5-сынып оқушысы. Ақтөбе қаласы



Өздерің жазған хаттардан

ТӘУЕЛДІ БОЛЫП ҚАЛМАЙЫҚ



Мектеп директоры З.Тасымова, тәрбие ісінің орынбасары Е.Байғұлиев, аға тәлімгер Айтбақова Бибігүл апай, психолог З.Қызылбаева, әлеуметтік педагог Ж.Байсүгірова интернетке тәуелділік, кибербуллинг және құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу үшін түрлі іс-шаралар ұйымдастырып жүр.

Өзім осы тақырыпта видеоролик түсіріп, 350 оқушыға көрсеткен едім.

Видеороликте кибербуллингтің және құмар ойындарға тәуелділіктің өте қауіпті екенін көрсетуге тырыстым. Интернетке тәуелділіктің соны мынаған әкеліп соқтырады: ашу-ызаға булығы, уайым мен қорғаныссыздық, қоғамнан алшақтау, қатты қапалану, тәбеттің төмендеуі, ұйқының бұзылуы, маужырау, қатты шаршау, әлсіреу, іш немесе бас ауру, үйде және достарымен бейқамдық таныту, өзін-өзі

ешкімге керексіз әрі әр нәрсеге кінәлі сезінуі, есте сақтау қабілетінің төмендеуі, өлім туралы ойлар... Мұның көбін ата-аналар байқай бермейді. Америкалық психолог А.Моридің зерттеуінше, теледидарды тым ұзақ тамашалаудың өзі ерік-жігерді әлсіретіп, көз жанары арқылы миды гипноздайды екен. Осындай мысалдарды айту арқылы достарымды интернетті тиімді пайдалануға шақырдым.

Осы акция кезінде мектеп басшысы Тасымова Зарипа апай компьютерлік ойындардың жасөспірімдердің болашағына зиян екенін терең түсіндірді.

«Ұланды» оқып отырған достар, өз өміріміз өз қолымызда екенін ұмытпайықшы. Интернетке аландаймын деп шынайы өмірдегі қарым-қатынасты ұмытып кетпейік.

Ерасыл СЕРІҚҰЛЫ,
№29 орта мектептің
9-сынып оқушысы.
Тұрмағамбет ауылы
Қармақшы ауданы
Қызылорда облысы

АРМАНДА

Арманда, арманда және арманда. Адамның арманы шексіз. Адамды өмір сүруге ұмтылдыратын да – сол арман. Қиял, өзгеше сезім, болашаққа деген сенім, міне, осылардың жиынтығынан арман құралады. Тіптен үмітіміз сөнген кезде де, армандауды тоқтатпаймыз. Себебі арманда болашаққа үмітіміздің бар екенін білдіреді. Болашақта қандай мамандық иесі болғың келеді? Ата-ананың үмітін ақтау арманын келе ме? Өмірде жетістікке жеткің келе ме? Кімге ұқсағың келеді? Кімнен үлгі аласың? Міне, осы сұрақтар ойымызға келгенде арманның соңынан еретініміз сөзсіз. «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» демей ме? Әлемде қанша адам болса, бөрінің арманы бар. Бірақ кейде армандап отыру жеткіліксіз. Армандаған нәтижеге жету үшін әрекет жасау керек. Дәл қазір арманыңа жету үшін орнынан тұр да, бір қадам болсын алға бас. Күнде арманыңа жету үшін уақыт арна. Мейлі жарты сағат болса да күн сайын үздіксіз жұмыс істесең, міндетті түрде жемісін көресің. Біраз уақыт өткен соң, қазіргі жасаған әрекеттерің үшін өзіңе рақмет айтатын боласың.

Ізден, дамы, оқы. Тек тоқтама. Тек бос отырма. Әр күн сен үшін жаңа мүмкіндік. Сол мүмкіндікті пайдалану сенің қолыңда. Арманың мақсатына айналсын. Адам жетістікке бір секіріп жеткен емес. Өмірлік мақсатың болса, ырың-жырыңға елендемей, қақ-соққа ұрынбай, жай-жай, табандап, күнде 1% болса да алға жылжи бер. Мақсатқа қатысы жоқ қарбаласқа бас қатырып, уақыт бөліп, жүйке жұқартып, қуат құртудың еш қажеті жоқ. Сен телефонға үңіліп отырғанда, басқа біреуіңнің болашағы үшін ізденіп, оқып отыр. Ал сен ұйықтап жатқанда, басқа біреу тіл үйреніп жатыр. Иә, сенің күнің пайдасыз болып, тек уақытыңды бос өткізіп отырсың. Неге? Одан саған зиян екенін білсең де, неге

оны әрі қарай жалғастырып келесің? Бос тұрмау керек, бір іспен айналысу керек. Бос жүрген адам ұятсыздыққа, намыссыздыққа бейім келеді. Ал ізденісте жүретін, әр минутын пайдалы өткізетін жандардың болашағы сенікіне қарағанда жақсы болады. Ал сен пайдасыз өткізген уақытыңа кейін өкінетін боласың. Болашақта өкінбес үшін қазір әрекет ет. Жарқын болашақ үшін, ата-ананың үмітін ақтау үшін еңбек ет. Бәрі өз қолыңда. Тек соны ұмытпа. Сен өз арманыңа жету үшін қандай қадамдар жасап жатырсың? Осы сұрақты өзіңе қойып көрші.

Жанна СЕЙДАЛЫ,
№44 Сырдария мектебінің
10-сынып оқушысы.



Менің түсінігімдегі журналист

Бала кезімнен армандарымда шек болмайтын. Көрген де, көрмеген де нәрселерімді арман-мақсат еттім. Өсе келе, ақыл-ойым толысып, болашағымды ойлай бастағанда, ең бірінші мамандықты дұрыс таңдау керек екенін білдім. Сол сәтте журналист болсам деген ой туды.

Қазір өмірімнің маңызды бір бөлшегі болатын мамандығым бойынша әрекет жасап, көптеген жетістікке жетіп жүрмін. Бірақ кей кезде санамда түрлі ойлар туындайды. «Мен журналист болсам елге қандай пайда тигіземін?», «Келешек ұрпаққа қалай үлгі боламын?» деген секілді сұрақтар мазалайды. Ол сұрақтардың жауабын да тапқандаймын. Мен журналист болсам, ең бірінші көпке топырақ шашпаймын, кейбір «саржағал журналистер» секілді елге пайдасы жоқ нәрселерді айтпаймын.

Қоғамда журналистердің саны күннен-күнге артып келеді. Алайда сапасы сын көтере ме? Жалған ақпараттарды атың айғайлатып, қала берді мәдениеттен де жұрдай болып жүрген «мамандар» бар. «Бір құмалақ бір қарын майды шіргетеді» дегендей, пайдасыз журналист болудан аулақ боламын деп өзіме уәде беремін!

«Журналист боламын» дегесін, жақ бұйынға пайдасы бар дүниелерді баяндау керек. Мысалы, Абай атамның қара сөздерін, өлеңдерін ары қарай ұрпақтан-ұрпаққа жаңа үлгіде жеткізсем деген ой бар.

Мен телеарнаның, радионың айнасы болғым келеді. Есімімді атаған кезде халық мені танытындай, Бейсен Құранбек ағамыз секілді аты өшпейтін ерекше тұлға болсам деймін. Білім жолын дамытатын, кітап оқуды, ата-бабамыздың қалдырып кеткен мұрасын, тәлім-тәрбиесін жеткізетін, өзекті тақырыптар болатын бағдарламаларды жүргізім келеді.

Айзере ТҮРСЫНОВА,
Ыбырай Алтынсарин атындағы №37 гимназияның
11 «А» сынып оқушысы.
Семей қаласы

ИНФОБИЗНЕС ДЕГЕН НЕ?

Адамдардың әлеуметтік желідегі белсенділігі жоғарылаған сайын онлайн кәсіп түрлері көбейген. Инфобизнес сөзін күнделікті естиміз. Бірақ бұл қандай бизнес екенін түсіне бермейміз.

Инфобизнес – ақпаратты сату арқылы ақша табу. Ол курс, кітап немесе басқа ақпараттық өнім болуы мүмкін. Белгілі бір саладағы тәжірибелі адамдар білімін жинақтап, ақпаратты өзге адамдарға сатады. Бұл сатып алушылар үшін өте тиімді. Себебі көп ақпаратты іздеу, зерттеу біршама уақыт алады және кейбір ақпараттар қолжетімсіз болуы мүмкін. Мәліметтердің барлығы дерлік ұзақ мерзімді бола бермейді. Уақыт өткен сайын өзгеріске ұшырайтындары да кездеседі.

Мәселен, Арман журналист болғысы келеді делік. Ол бұл шешімді тым кеш қабылдады. Сол себепті журналистика жайлы көп ақпаратты білмейді. Ал оның ойында сансыз сұрақ бар. «Журналистиканы таңдаған адам ҰБТ-да қандай пәндерді тапсырады? Қандай оқу орындары бар? Журналист болсам, қай жерде жұмыс істей аламын?» деген сұрақтар Арманды қатты мазалайды. Бір кезде ол әлеуметтік желіден Әйгерім деген журналистика факультетінің 1-курс студентінің жазбасын көріп қалды. Әйгерім тәжірибесі бойынша жинаған ақпараттарын кітапша ретінде сатады екен. Арман бірден Әйгеріммен байланысқа шығып, электронды кітапшаны тиімді бағаға сатып алды. Бұл жерде Арман – ақпаратты сатып алушы, ал Әйгерім – инфобизнесмен.

Айтқым келгені кез келген адам инфобизнеспен айналыса алады. Сіз де біліміңіз, тәжірибеніз арқылы табыс таба аласыз. Қаншалықты табыс табу да сізге байланысты, яғни сіздің тәжірибеніз көп, белгілі бір саланың expertі болсаңыз, табысыңыз да соғұрлым жоғарылай береді.

Адам заман ағымынан қалмауға тиіс. Жақын арада көп жұмыс онлайн болуы да ғажап емес. Сол себепті жан-жақты дамып, барлық саладан хабардар болып жүруге кеңес беремін.

Айнұр АҒЛАМАСОВА,
Сәкен Сейфуллин атындағы мектептің
11 «Ә» сынып оқушысы.
Жаңатас қаласы
Жамбыл облысы





• Сенің замандасың

Жуырда БАӘ астанасы Әбу-Дабиде джиу-джитсудан әлем чемпионаты өткен болатын. Додада отандасымыз Заңғар Абзал жасөспірімдер арасында чемпион атанды. Бұл Заңғардың алғашқы жеңісі емес. Грекияда өткен әлем біріншілігінде 1-орын алған. Екі дүркін әлем чемпионы атанған Заңғарды жеңісімен құттықтап, әңгімеге тартқан едік.

ЗАҢҒАР ДЖИУ-ДЖИТСУДАН ЕКІ ДҮРКІН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

– Джиу-джитсумен қанша жасыңнан бастап айналысып келесің?

– Джиу-джитсумен тоғыз жасымнан бастап айналысамын. Оның алдында екі жылдай бокспен айналысқанмын. Сегіз-тоғыз жасымда өзімнен қатар балалармен көп тіресіп қалатыным (күліп). Сосын анам спортқа берді, үйдің жанында «Еуразия» спорт комплексі бар. Сондағы джиу-джитсу секциясына жазды. Сол күннен бері қатысып келемін. Өзіме осы спорт ұнайды, командам екінші отбасым сияқты болып кетті.

– Оқырмандарға джиу-джитсудан қандай кеңес берер едің?

– Жарыстардан ұтылып жатырмын деп еңселеріңді түсірмеңдер. Керісінше, жаттығуды алдыңғыдан да көп жасауға тырысыңдар. Жаттықтырушы 10 рет жаса деген жаттығуды 30 рет жасасаң, жетістікке жетесің.

– Джиу-джитсуге қатысты есінде қалған ең күлкілі оқиға қандай?

– Енді қатыса бастағанда денемнің күші көп емес болатын. Алғаш рет жарысқа шыққанда бір салмақта үш адам болған. Олардың



салмақтары менімен бірдей болғанымен күштері көбірек еді. Мені татамида ары лақтырады, ұшып кетем. Бері лақтырады, ұшып кетем (күліп). Солай үш адамның ішінен 3-орын алғанмын. Әрі сол жылдары жаттығуға дұрыс қатыса алмайтынмын. Себебі үнемі жарақат алатыным.

Анам көтеріп залға алып баратын. «Қатыса алмайды, қолы гипетте» деп сенейден ұят болатын. Қолым жазылады. Сосын бірекі жаттығуға барам. Қайтадан жарақат алып, гипс тағатыным.

– Спортта үлгі тұтар кумирің кім?



– Білмеймін, менде кумир деген жоқ екен. Бірақ сенсейден үлгі аламын. Әрдайым өмірлік бағыт-бағдар беретін бапкерім – Аслан Оспанов. Сенсейім жарыста мотивация беретін адам. Екінші әкем десе де болады. Себебі кішкентай кезімнен тәлім-тәрбие беріп, өз баласындай қарап келеді. Сол кісіден үлгі аламын.

– Осы уақытқа дейін иеленген ең үлкен жетістігің деп нені айтар едің?

– Өзімді тұлға ретінде қалыптастырдым десе де болады. Өмірлік жолымды тапқанымды ең үлкен жетістігім деп есептеймін.

– Үлкен жетістіктерге жету үшін қандай болу қажет?

– Мақсат қоя білу керек және сол мақсатқа жететін жолды таба білу керек. Осы әлем чемпионатына барардан бір ай бұрын Қазақстан чемпионаты болды. 1-орын алған кезімде сенсей маған әлем чемпионатынан 1-орын алу үшін бір айда керек жоспарды анықтап берді. Күнде танерген жүгірдім. Себебі маған тынысымды ашу керек болды. Өзіме қажетті жаттығуларды жасадым. Бір жаттығуды бірнеше рет автоматизм қалыптаспайынша жасай бердім. Сөйтіп әлем чемпионатынан бірінші орын алдым.

– Алда қандай жоспарларың бар? Қандай жарыстар күтін тұр?

– Келесі жылы менде U21, яғни жастар арасында Қазақстан чемпионаты болады. Соған дайындаламын, себебі жастар арасында қарсыластар мықты. Психология, тактика және техника жағынан өзімді шыңдауым керек. Джиу-джитсу Олимпиадалық спорт түріне енсе, Олимпиададан бірінші орын алып, елімнің туын жоғары көтеру – басты мақсатым.

– Жаттығулар қиын емес пе? – Егер адам чемпион болғысы келсе, жаттығу да қиындай беруі керек. Жаттығулар оңай болса, нәтиже болмай қалады.

– Жаттығудан бос уақытыңда немен айналысасың? – Аниме қараймын (күліп).

Қазір бәрі аниме көретін шығар, иә? Музыка тыңдаймын. Жазда белтемірден түспейтінмін. Күнде тартылып жүретінмін. Ал қазір қыс келді, күн суыды дегендей.

– Алар асуың, шығар белесің көп болсын!

Әңгімелескен
Гүлжан НИЯЗОВА,
Қ.А. Ясауи атындағы
ХҚТУ-дың 2-курс студенті.
Түркістан облысы

МЕНИҢ ӘЛЕМІМ

«Әркімнің өз әлемі бар» немесе «Сен оның жеке әлеміне үңіле алдың ба?» дегенді жиі естиміз. Ал енді менің де өз әлемім туралы ой қозғағым келеді.

Расымен, менің өз әлемім бар. Қуанғанда немесе ренжігенде оңаша қаламын. Себебі жүрегімде әдемі әлем бар. Ол жерден мені түсінетін, бәрін түсіндіретін адал дос табылады. Әрине, құр қиялмен өмір сүре алмайсың. Сондықтан мен өз әлемімді нығайтуды, оның берік қамалға, күш алар ғажайып әлемге айналдыруды мақсат тұтамын.

Менің әлемім – болашақта шындыққа айналатын арман әлемі. Біріншіден, арман – идея. Бұл бір жерге тастаған дан сияқты жапырағын жайып, гүлдейді. Екіншіден, тірлігінің қозғаушы көзі. Мәселен, біз жас өскінің жемісті

немесе құр бұтақты өсімдік екенін білмейміз. Ал адам өзіне керек нәтижені алуға тырысады: ізденеді, тәжірибе жасайды, нәтижеге қол жеткізеді. Осындай ізденістеріме негіз болатын әр арманым – мен үшін бағалы жеміс дөңдері. Сонымен қатар, менің «мен» екенімді танытатын ішкі қуат-күшім.

Менің әлемімнің қуат көзі – білім. Мен мұны жақсы түсіндім, бірақ өз білімімнің нәтижесін көрсете алмаған кездерім де болады. Сол себепті М.Әуезовтің іс өнімді болуы үшін «...ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек» деген сөздерін ұстаным ретінде қабылдадым. Кемшілікті түзету үшін жазба болса, жазып жаттығамын, сөзден кетсе, оны дұрыс қолдану жолдарын іздеймін. Ниет түзу болса, алынбайтын қамал жоқ.

Еңбектенген жанның достары – күш, қайрат және тәртіп. Менің әлемімде достарға құрмет ерекше. Құресетін дұшпандарым – жалқаулық, немқұрайлық.

Қорыта айтсам, менің әлемім – мақсат, намыс әлемі. Солай қабылдадым, сол бағыттан таймаймын. Сырт көз – сыншы, кейде атыма сын да айтылады. Ондайда сынды қабылдап, ой қорытамын.

Өмір сынағы сан алуан. Сол сындарда нық сенім сыйлайтын берік қамалым – ғажайып әлемім.

Мақпал СЕРЖАН,
Көксай орта мектебінің
11-сынып оқушысы.
Райымбек ауданы
Алматы облысы



ЕРІКТІ БОЛУ – ЕРІГҮ ЕМЕС

Сәлем, құрметті оқырман! Таныс болайық, менің есімім – Дильназ. Мен қазақша аудиоблог, яғни подкаст жүргізетінмін. Алайда бүгін сіздермен газет бетінде таныспақшымын. Негізінен аудионы тындау өте ыңғайлы. Себебі маған қарап отырудың еш керегі жоқ. Жолда, кезекте тұрғанда, жәй қолыңыз бос уақытта телефоныңыздан тыңдай аласыз. Сонымен, бұл мақаланы сіздерге не үшін ұсынып отыр дейсіздер ғой? Мен сіздерге өзімнің подкаст арнамының негізгі мақсаты және сол арқылы қоғамға не бере алатыным жайында айтып бермекшімін.

Мен негізінен еріктілер қатарындамын, яғни волонтерлік қызмет атқарамын. Елімізге індет келгелі бері біздің жұмыстың қажеттілігі арта түскені белгілі. Көптеген игі іске атсалысып, белсенділердің бірі болып жүрдік. Мысалы, маска тігіп, оны халыққа таратып, қиын кезде дәрі-дәрмектері мен азық-түліктерін тегін жеткізіп, уақытымызды тиімді іске арнап жүрдік. Карантиннен бұрын да құры отырмадық. Қазыналы қарттарымыздың ауласы мен үйін тазалап, ауданымыздың тазалығын қадағалап, кішкентай балалардың көңілін аулап, көптеген іс-шара ұйымдастырып, осы кезге дейін халықтың батасын алып келеміз. Алайда жасаған жақсылықтарымызды ешқайда жүктеп, жарияламайтынбыз. Дегенмен карантин кезінде еріктілеріміздің қатары тым төмендеп кеткен болатын. Сол кезде маған керемет ой келді. Қатарымыздағы еріктілердің санын толтыру мақсатында шақырту аудиоматериал жарияладық. Содан бастап өзімнің подкаст арнамды жүргізуді дұрыс деп санадым. Сол кезден бастап қатарымыз толығымен бастады және мен атқарылған істердің барлығын есеп ретінде арнама сала бастадым. Көптеген оқырманға біздің материалдар мен атқарылған жұмыстарымыз ұнай бастады. Үнемі бізге қолдау білдіріп, бізді шабыттандырып отыратын. Сонымен қатар, шет елге отаға барғалы отырған бүлдіршіндеріміздің қаражатына да арнамың көп көмегі тиді. Осы каналымды ашқаныма көп болмаса да, қолдау білдіретін оқырманымыз жеткілікті.

Волонтерлік негізінен ақысыз еңбек етуге негізделген. Дегенмен қазір ұйымдастырушылардың белгілі бір көлемде ақы төлеуі арқылы іске асырылып жатқан волонтерлік жобалар аз емес. Сондай-ақ, тәжірибе жинау, өзін жетілдіру, белгілі бір саланы игеру немесе әртүрлі салада еңбек етіп, жаңа кәсіптерді

бағындыру мақсатында ақысыз еңбек етуші волонтерлер де жиі кездеседі. Біз де сол секілді ақысыз жұмыс атқарып келеміз. Подкаст жазудағы бірден-бір мақсатым да осы болған. Белгілі бір жанға жақсылық жасау барысында тек біз ғана атсалыспай, барша қазақ елі қолұшын соза алады.

Волонтерлікті өзі ұнататын сала бойынша таңдаушылар өте көп.



Мысалы, спортты ұнататын көптеген фанат олимпиада болған жылдары сол елге барып, шетелдік қонақтарға түрлі салада ақысыз қызмет көрсетумен айналысады. Сол арқылы өзі қызыққан спорт сайыстарын тамашалау, атақты спортшыларды көзбен көру мүмкіндігіне ие болады. Волонтерліктің ең тиімді тұсы да осы.

Бүгінде әлем халқының шамамен 150 мыңға жуығы тұрақты түрде волонтерлікпен айналысады. Дүниежүзінде волонтерлік бойынша ең үздік мемлекеттер Скандинавия елдері саналады. Біздің елімізде де жыл санап осы салаға қызығушылардың саны артып келеді. Ең қызығы, әлемде әйелдер ерлерге қарағанда көбірек волонтерлік қызметпен айналысады екен. Бұл әйелдердің эмоцияға берілгіш, жаны ашығыш



бірлесіп рейдтік шаралар өткізу сынды бағытта біздің волонтерлер керемет қызмет атқарып келеді.

Сондай-ақ, ел тұрғындарының санасында волонтерлік қызмет көбінесе бірыңғай жейде киіп, көшелер мен парктерде жалаушалар, белгілі бір заттарды таратып жүретін жастар ретінде қалыптасқан. Алайда атқарылатын жұмыстары ауыз толтырарлықтай. Шын мәнісінде волонтерлік жас, кәсіп таңдамайды. Кез келген адам жасына, жынысына қарамастан қолынан келгенше арнайы уақыт бөліп, қоғамға пайдалы іспен тегін айналысуды әдетке айналдыруы қажет. Мысалы, білікті музыкант айына екі рет өзінің білгенін тегін үйретіп отырса, мұның өзі волонтерлікке жатады.

Түптеп келгенде, волонтерлік іс хоббиге айналса, осы салада үлкен өзгерістердің болары анық. Мысалы, осы мақаланы жазу барысында өзім танитын бірқатар азаматпен сұқбаттасып, «Өміріңізде волонтер болып көрдіңіз бе?» деген сұрақты қойдым. Мен сұраған жиырма азаматтың басым көпшілігі, яғни он жетісі «жоқ» деген жауап берді. Алайда олардың атқаратын жұмыстары қоғамға пайдасын тигізетін саланың бірі. Неге өзінің таңдаған мамандығын қызығушылық ретінде алмастырып, волонтерлік іспен байланыстырмасақ?

Сарапшылар зейнетке шыққаннан кейін айналысатын шаруасы жоқ адамдардың тез қартайып кетуі жиі кездесетінін айтады.

Осы ретте, зейнет жасына жеткеннен кейін уақытын қалай өткізуді білмейтін аға буынның да әлеуетін осындай жолмен игі істерге жұмылдыруға болады. Ағылшын тілінің мұғалімі ретінде зейнетке шыққан азаматтардың бос уақытында ағылшын тілін үйретуіне кім, не кедергі? Сол сияқты өзге де қоғамға пайдалы мамандық иелерінің әлеуетін мүмкіндігінше пайдалануымыз қажет.

ЕРІКТІ БОЛУ СІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ?


Ерікті болу сізге ешқандай материалдық қажеттілік бермейді. Бірақ сіз оның орнына алғыс аласыз, жақсылыққа кенелесіз. Бұл – адамгершіліктің белгісі. Дегенмен ерікті болу арқылы үлкен тәжірибе жинақтайсыз. Әсіресе, еріктілердің аудармашы ретінде қатысуы үлкен пайда. Ол еріктінің тілді еркін меңгеріп кетуіне, жұмысты үйренуіне септігін тигізеді. Ортамен тез тіл табысуды меңгеріп, адамгершілігі мол таныстар, достар табасыз. Еріктілердің жұмысына белгілі бір көлемде ақша төленбесе де, халықтың алғысына бөлене алады. Бұл – қаражаттан да қымбат дүние.

Осы мақала арқылы сіздерді еріктілер қатарына шақырамын. Қолдан келгенше игі істермен атсалысқаныңыз біз үшін де, қоғам үшін де олжа.

Дильназ СҮЛЕЙМЕНОВА, ХАТУ-дың студенті.




БІЗ МЕКТЕПКЕ БАРАМЫЗ



Мектепке қажетті құралдардың атауын нөмірге сәйкес келетіндей етіп толтырып шық. Ал боялған торкөздерден жұмбақталған сөзді тап.

Жұмбақталған сөз:



23 қараша,
№47 сандағы
Сканвордтың
жауабы:

Көлденеңінен: алақан, кияк, арат, Иса, толқын, салмақ, анабас, ар, Алатау, дау, аз, жаңа, азат, қал, қара, Маас, гал, Алсу, аба, аса.

Тігінен: цитоплазма, аал, ақиқат, тас, сынақ, су, анау, қу, жара, асадал, қасаң, Ра, уак, арама, Ата, ара, рас, атақ, зуала.

Танымдық ойынды құрастырған Қалима МҰҚАЖАН.
Алматы қаласы

Балғын бояу

Айгүл Мұхаметжанова – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Талантты балалардың насихаттап жүреді. Жақында редакциямызға Александр Селезнев атындағы Алматы хореография училищесі жанындағы үйірмеге барып жүрген балалардың салған суреттерін әкеліп берді. Бүлдіршіндер Қазақстанды әлеммен байланыстырып, патриоттық тақырыпта суреттер салған екен.



Дамила Байсейіт



Малика Жақанбай



Севиль Рахимбаева



Амина Мұрат

«Толсағай» спорт клубы

Ғалымжан ЖЫЛГЕЛДИЕВ, дзюдодан Қазақстан ерлер құрамасының бас бапкері:

БЕСІНШІ-АЛТЫНШЫ ОРЫН АЛҒАН БАЛУАНДАРҒА ДА МҮМКІНДІК БЕРЕМІЗ

Орал қаласында дзюдодан Қазақстан чемпионаты өтті. Кейбір салмақтарда жаңа чемпиондар шықты. Бірнеше жыл ұлттық құрамада өнер көрсеткен Елдос Жұмақанов (66 келі) пен Отгонцэцэг Галбадрах (48 келі) спорттық карьерасын аяқтады.

Чемпионаттың қорытындысына қатысты ерлер құрамасының бас бапкері Ғалымжан Жылгелдиевпен сұқбаттасқан едік.

– Оралдағы Қазақстан чемпионаты қалай өтті?

– Оралда Қазақстан чемпионаты өз мәресіне жетті. Жарыс жоғары деңгейде өтті. Былтыр пандемияға байланысты әр өңірден екі спортшыға ғана рұқсат етілген. Биыл басқа өтті. Осы жолы спортшылар көп қатысты. Әсіресе, 60, 66 келі салмақта 50-ден астам балуан бақ сынады.

– Алдымен, 60 келіге тоқталып өтсек...

– Екінші жыл қатарынан қызылордалық Мағжан Шамшадинге тең келетін балуан болмады. Өздеріңіз білесіздер, Мағжан Будапештегі әлем чемпионатында жартылай финалға дейін жеткен. Екінші орын маңғыстаулық Бауыржан Нарбаевқа бұйырды. Екеуі де жақсы балуан.

Бұл салмақтың көшбасшысы Елдос Сметов пен Ғұсман Қырғызбаев 66 келіге ауысты. Енді халықаралық жарыстарда жақсы өнер көрсеткен балуанды Азия ойындары мен әлем чемпионатына апарамыз. Сондықтан басқаларының қай-қайсына болсын мүмкіндік бар. Ол тіпті төртінші нөмірлі балуан да болса да мәселе жоқ. Қазақстан чемпионы атану кепілдік бермейді. Ең әділетті шешім сол деп білемін. Бәріне ескертілген. Бәсеке болмаса, нәтиже келмейді.

– Енді 66 келіде бәсекелестік қызатын болар?

– Бұл салмақта бірнеше жыл ұлттық құрамада көшбасшы болған Елдос Жұмақанов спорттық карьерасын аяқтады. Ал 2018 жылғы әлем чемпионатының күміс жүлдегері Ерлан Серікжанов 73 келіге ауысты. Ессесіне, Сметов пен Қырғызбаев келді. Сонымен қатар осы чемпионатта топ жарған атыраулық Ермек Амангелдиев бар.

– 73 келіде тағы да Жансай Смағұловқа тең келер ешкім болмады...

– Ішкі чемпионатта бұл салмақта Жансайдың шоқтығы биік болып тұр. Бірнеше жыл

қатарынан чемпион атанып жүр. Екі Олимпиадаға қатысты. Өзіне сенімді, жақсы күресті. Финалда 2001 жылғы Данияр Шамшаев күресті. Осындай жастардың өсіп келе жатқаны қуантты. Сонымен қатар Ерлан Серікжанов осы салмаққа келіп жатыр. Оралда қола медальді қанағат тұтты.



– 81 келі туралы айта кетсеңіз.

– Бұл жолы Бекәділ Шаймерденов топ жарды. Кезінде Универсиада ойындарында үшінші орын алған. Қазақстан спартакиадасының жеңімпазы. Бұрыннан күресіп келе жатқан балуан. Осыған дейін 73 келіге дейін күресіп жүрген. Сосын салмақ ауыстырды.

– 90 келіде де өзгеріс бар екен...

– Дидар Хамза осы жолы 90 келіде күресті. Негізі ол 81 келідегі балуан. Біріншілікке салмақ қумау үшін осылай етті. Чемпионатта Әділет Мисин жеңімпаз атанды.

– 100 келіге Ислам Бозбаев ауысып жатыр екен?

– Биыл Қазақстан чемпионатында жаңа салмағында үздік шыға алмады. Бірақ құрамадан алыстамайды. Біздің сенім артар балуандарымыздың бірі. Осы жолы біріншілікте қызылордалық Нұрлыхан Шарханға тең келер ешкім болмады.

– Ауыр салмақта чемпион ауысқан екен...

– Оралдық Көлбай Ғалымжан бірінші орын алды.



Негізі самбо мен дзюдода қатар күресіп жүрген еді. Былтырғы чемпион Әділ Оразбаев осы жолы екінші орынға тұрақтады. Олардың барлығын оқу-жаттығу жиындарына шақырамыз.

– Оқу-жаттығу жиындары қашан басталады?

– 1 желтоқсанда оқу-жаттығу жиындарына жиналамыз.

Чемпионаттың қорытындысы бойынша жасақталған құрама бойынша 18 күн дайындық жүргіземіз. Жаңа жылдан кейін түрлі Гран-при, Грэнд-Слэмдер бар. Осы жарыстарға қатысамыз. Париждегі Олимпиада ойындарының рейтингтік жарыстары да басталады. Одан бөлек, келесі жылы әлем чемпионаты өтеді. Жалпы, барлық балуанға мүмкіндік беріледі. Тіпті, бесінші, алтыншы орын алғандар да халықаралық додаларда өздерін көрсетер болса, құрамада болады. Мысалы, Елдос Сметов Қазақстан чемпионатында бір мәрте жеңіске жеткен.

Дзюдодан 2021 жылғы Қазақстан чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлері:

- Әйелдер:**
48 келі
 1. Абиба Әбужақынова (Атырау облысы)
 2. Диана Буркеева (Алматы облысы)
 3. Сара Құлым (Түркістан облысы), Ділназ Асылхан (СҚО).
52 келі
 1. Гаухар Ирмағанбетова (БҚО)

2. Салтанат Сұлтанбекова (Қызылорда облысы)
 3. Диана Айыпова (Алматы), Нұрсұлу Ералиева (Алматы облысы).
57 келі
 1. Севара Нишанбаева (Шымкент)
 2. Бақыт Құсақбаева (Ақтөбе облысы)
 3. Балнұр Құрманбай (Алматы)
 3. Рауза Нұрмұхаммедова (Жамбыл облысы).
63 келі
 1. Саера Мирзахметова (Алматы)
 2. Саламай Ергалиева (Қостанай облысы)
 3. Кристина Сотникова (ШҚО)
 3. Есімгүл Қуялова (Атырау облысы).
70 келі
 1. Зере Бектасқызы (ШҚО)
 2. Перизат Жақыпбекова (Түркістан облысы)
 3. Мәдір Нарынова (Алматы облысы)
 3. Анастасия Маякова (Ақмола облысы).
-78 келі
 1. Аруна Жангелдина (Ақтөбе облысы)
 2. Назерке Тілеуханова (ШҚО)
 3. Назгүл Есімбек (Түркістан облысы)
 3. Альбина Бахиева (Шымкент қаласы).
+78 келі
 1. Берліқаш Камила (Алматы облысы)
 2. Акерке Рамазанова (Алматы қаласы)
 3. Карина Такиева (БҚО)
 3. Маратова Назгүл (СҚО).
Ерлер:
60 келі
 1. Мағжан Шамшадин (Қызылорда облысы)
 2. Бауыржан Нарбаев (Маңғыстау облысы)

3. Қанат Сейітхан (Атырау облысы), Ержан Еренғайыпов (Нұр-Сұлтан).
66 келі
 1. Ермек Амангелдиев (Атырау облысы)
 2. Дастан Шаяхметов (ШҚО)
 3. Айболат Ыстыбай (Атырау облысы), Алмас Ғалымов (Шымкент).
73 келі
 1. Жансай Смағұлов (Қарағанды облысы)
 2. Данияр Шамшиев (Жамбыл облысы)
 3. Ерлан Серікжанов (ШҚО)
 3. Аңсарбек Ғайнуллин (БҚО).
81 келі
 1. Бекәділ Шаймерденов (Жамбыл облысы)
 2. Абылайхан Жұбаназар (Қызылорда облысы)
 3. Барак Аркабай (ШҚО)
 3. Айбол Нысанәлі (Шымкент).
90 келі
 1. Әділет Мисин (Ақтөбе облысы)
 2. Ерсултан Мұзаппаров (Шымкент қаласы)
 3. Ерсултан Жанатаев (Алматы)
 4. Сұңғат Закарияев (Атырау облысы).
-100 келі
 1. Нұрлыхан Шархан (Қызылорда облысы)
 2. Еркнат Молдағұлов (Қарағанды облысы)
 3. Серік Сальменов (Павлодар облысы)
 3. Айбек Серікбаев (Қызылорда облысы).
+100 келі
 1. Көлбай Ғалымжан (БҚО)
 2. Оразбаев Әділ (ШҚО)
 3. Тургуналиев Жамбыл (Жамбыл облысы)
 3. Қырықбай Ғалымжан (Жамбыл облысы).



• Сен білесің бе?

TED ЖОБАСЫ ЖАЙЛЫ ЕСТҮҢІЗ БАР МА?

Әркімнің мектепте қызықпайтын, өзіне ұнамайтын пәні болатын шығар, иә?

Мысалы, маған алгебра сабағы қызықсыз болып көрінетін. Себебі біз 10–11 сыныптарда жоғары математикадан есептер шығардық. Кейде есептерді түсінбейтінмін. Сонда менің ойыма «қалай осы сабақты қызықты етіп оқуға болады?» деген сұрақ келді. Лезде YouTube желісінен іздей бастадым. Бағыма қарай Талғат Байназаровтың «ГеоГebra: математиканы сезін!» тақырыбы TEDx жобасында қорғаған баяндамасы шықты. Осыдан кейін менің алгебраға қатысты ойым өзгеріп, оны түсіне бастадым. Бір қызығы, менің алгебраны қызықты етіп оқуыма жол ашып, ойымды өзгерткен «TED» деп аталатын жоба еді. Кейін осы бір жобаны зерттей кеттім.

«TED» ДЕГЕН НЕ?

«TED» сөзі ағылшын тілінен алынған. Ол T – Технология, E – Ойын-сауық, D – Дизайн деген мағынаны береді. Ең алғашқы TED конференциясы 1984 жылы Калифорнияда өткен. Соның негізінде жыл сайын идеяларды тарату мақсатында TED қоры құрылған. Бұл идеяны бастаған – Ричард Сол Вармен. Жобаның міндеті – қоғамда өзіндік идеясы бар шығармашыл адамдарды бір алаңға жинап, олардың ғылыми пікірін ортаға салу. Жобаның басты ерекшелігі – сахнадағы конференция спикері 20 минутқа жуық уақыт ішінде өзінің идеясын жеткізуі керек. Ойын құр сөзбен емес, басынан өткен қызықты оқиғасымен байланыстырып, көрерменге эмоция сыйлауы шарт. Осылайша спикердің айтылған ойы адамдардың есінде оңай сақталады. TED жобасының ішінде бөлек тақырыпшалар сияқты жобалар да бар. Мысалы, TED-кітап, TED-аудармашылар, TED-үміткерлер және TED-жүлде.

TED пен TEDx-тің АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

TED – қор, негізгі жобаның атауы, ал TEDx – осы жобаны өз елдерінде өткізіп келе жатқан конференцияның бір форматы. Қарапайым тілмен айтқанда, жобаның филиалы іспетті. Бұл – ғылымды насихаттауға арналған ғылыми конференция. Кез келген адам TEDx ұйымдастыра алады. Ол үшін ғаламдық ұйымнан лицензия алуы керек. Кейін ұйымдастырушы өңіріндегі қарапайым өзіндік ойы, идеясы бар адамдарды бір ортаға жинап, өткізеді.

ҚАЗАҚСТАНДА TEDx ЖОБАСЫ БАР МА?

Бұл жоба Қазақстанда да бар. TEDx Almaty, TEDx Astana, TEDx OrdabasySquare және т.б. TEDx Almaty – Қазақстандағы ең бірінші болып 2010 жылы құрылған жоба.



Жыл сайын күзде өткізіп тұрады. 2012 жылдан бастап TED пен WikiBilim қоғамдық қоры TED Talks жобасын қазақ тілі мен орыс тілдеріне аударуды қолға алды.

ЖОБА БІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ?

Жоғарыда жазып өткенімдей, жобаға тың идеясы бар адам қатыса алады. Жоба бізге басқаша ойлауға мүмкіндік береді. Ойымызды өзгертеді. Мысалы, менің алгебраға деген қызығушылығымның артуы соның дәлелі. Одан бөлек TED Talks жобасына әлемдегі ең ақылды және әйгілі адамдар дәрістер оқиды. Жетістікке жеткен адамдар өмір жолын, басынан өткен қиындығын айтады.

Оны естіп, көріп отырған адам мотивация алады. Ол адамның жасаған қателіктерін жасамауға тырысады. Осылайша адам бір ғана адамның ойы арқылы сол адамның қателіктерін жібермеуге тырысады. Мақсатқа жетуге бір қадам жасайды.

НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІНІҢ TED КЛУБЫ

Клубтың негізгі концепциясы – «Таратуға тұрарлық идеялар». Жобаның мектепте енгізілуінің басты себебі – оқушыларды көпшілік алдында сөйлеуге, пікірін ашық жеткізуге баулу, ғылыми-зерттеу жүргізуге үйрету. Жоба «WikiBilim» қоғамдық қорымен бірлесіп жүзеге асады. Клуб мүшелері әлемдік ғалымдардың, өнертапқыштардың дәрістерін тыңдап, талқылайды. Одан бөлек өздерін толғандырып жүрген тақырыптарына жоба форматында пікірін білдіреді. Оқушыларды ынталандыру мақсатында жыл сайын



TED-ТІҢ ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ СПИКЕРЛЕРІН БІЛЕСІЗ БЕ?

Кэмерон Рассел – америкалық танымал модель. Ол өзінің баяндамасында сан бизнесіндегі өмір жолын, осы саладағы кемшіліктерін бөлісті. «Қыз балаға берілген сұлулықтың маңызы қандай?» деген сұраққа жауап іздейді. Баяндамасының тақырыбын «Сыртқы сұлулық келбетпен шектелмейді. Сеніңіз, мен модельмін» деп алған.

Мэри Роуч – америкалық танымал журналист, жазушы-сатирик. Ол баяндамасында адам ағзасындағы біз білмейтін 10 қызықты мәліметті айтты.

Сьюзен Кейн – жазушы, оқытушы, «Quiet» кітабының авторы. Біздің өміріміз үнемі қарым-қатынастан тұрады. Кейде біз аз араласатын, яғни интроверт адамдарға мән бермейміз. Қоғамнан шектетеміз. Бірақ бұл типтегі адамдар керемет туындыларды ойлап табуға қабілеті бар. Сондықтан да Сьюзен Кейн интроверттердің мүмкіншіліктері жайлы баяндама жасады.

үздік деп танылған топтың бір мүшесі Калифорнияда өтетін TED конференциясына оғайлы өнертапқыштарымен кездесуге мүмкіндік алады. 2015 жылы Нұр-Сұлтан қаласында «Алып идеялардың жүзеге асуы» атты конференция өтті. Осы жобада Назарбаев зияткерлік мектебінің физика-математика бағытындағы 9-сынып оқушысы Айгерім Буликбаева ең жас спикер атанды.

P.S. «Ұландық» жас дос, TEDx жобасына қызықсанып, ой-өрісіңізді кеңейткіңіз келсе, әлемдік танымал спикерлердің дәрістерін ted.com сайтынан көруге мүмкіндік бар. Отандық TEDx-ті де қолдауды ұмытпа!

Олжас ПАВЛИК,
ҚазҰУ журналистика факультетінің
1-курс студенті.



Құрылтайшы –
«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ»
жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор –
Редакторлар кеңесінің
терағасы
Шәмшидин ПАТТЕЕВ

Бас редактор
Жадыра НАРМАХАНОВА

Газет 6 жастан жоғары
балаларға арналған

Бас редактордың
орынбасары
Жұлдыз ӘБДІЛЛА

Жауапты хатшы
Гүлфарида ЗЕЙНУЛЛИНА

Корректор
Сәуле ҮКЕНОВА

Көркемдеуші-дизайнер
Дария ТАЛАПОВА

Редакция алқасы
Алма ҮМБЕТТЕП
Байбота ҚОШЫМ-НОҒАЙ

Веб-редактор
Жандарбек ЖҰМАҒҰЛОВ

Тілшілер
Нұрлыхан ЖҰМАХАН

Немірдің кезекшісі
Жадыра НАРМАХАНОВА

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция
кезқарасын білдірмейді.

Жарияланған суреттердің
сапасына редакция жауап береді.

Редакцияға түскен
қолжазба авторға
қайтарылмайды.

«Ұланда» жарияланған мақала
көшіріліп басылса,
сілтеме жасалуы міндетті.

Мекен-жайымыз:
**050013, Алматы қаласы,
Желтоқсан көшесі, 175-үй,
300, 322-бөлмелер.**

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінде 15.03.2006ж.
тіркеліп, №7026-Г куәлігі берілді.

Газет атласына бір рет шығады.
Талсырыс №41-48
Көлемі 4 баспа табақ,
Индексі – 65355

Газет «Дәуір» РПБК ЖШС
баспаханасында басылды.
050002, Алматы қаласы,
Ш.Қалдаяқов көшесі, 17
тел: 273-50-53

ТАРАЛЫМЫ –
5000

Тел. 8 (727) 220-76-41

E-mail: nplan@mail.ru